




ҚАЗАҚСТАН-КОНГО ЫҚПАЛДАСТЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ



Қазақстанға Конго Республикасының Президенті Дени Сассу-Нгессо ресми сапармен келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Дени Сассу-Нгессоға ілтисат білдіріп, оның елімізге бұл сапарының тарихи маңызы зор деп бағалады.

– Қазақстанға қош келдіңіз! Сіздің бұл алғашқы сапарыңыз екі ел байланыстарын дамытуға тың серпін беретініне сенімдімін. Қазақстан мен Конго арасындағы ықпалдастықты одан әрі дамытуға мол әлеует бар деп есептеймін, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Дени Сассу-Нгессо екі елдің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Конго Президентінің қазақ жеріне алғашқы сапары екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 25 жылдығымен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті.

– Біз Конго Республикасын Африка құрлығындағы маңызды серіктес ретінде қарастырамыз. Екі ел бір-бірінен қашықта орналасқан. Соған қарамастан өзара байланысты жан-жақты дамытуға мүдделіміз. Қазақстан мен Конго ынтымақтастығының әлеуеті өте жоғары. Әсіресе, сауда-экономика, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, тау-кен, өндіріс пен инвестиция, жаңа технологиялар мен ғарышты игеру бағыттары бойынша екі ел арасындағы ықпалдастықты жандандыру қажет.

(Жалғасы 2-бетте)

МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярды қабылдады.

Президентке индустриялық жобаларды жүзеге асыру және отандық тауар өндірушілерді қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәлімет берілді. Роман Склярдың айтуынша, бірінші жартыжылдықта өңдеу өнеркәсібі 105,1 пайызға, машина жасау саласы 9,4 пайызға, ал тау-кен және металлургия кешені 8,3 пайызға өскен.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына мұнай және газ құбырларын салумен, газ өңдеу зауыттары мен мұнай химиясы өндірісін іске қосумен байланысты жобалардың орындалу барысы таныстырылды. Жыл басынан бері 44,7 миллион тонна мұнай мен газ конденсаты, сондай-ақ 30 миллиард текше метр газ өндірілген. Осы жылдың соңына дейін 128 елді мекенге газ құбыры жүргізіліп, көгілдір отынмен қамтамасыз ету деңгейі 61,8 пайызға жетеді.

Бұдан бөлек, көлік және энергетика салаларындағы жаңа инфрақұрылымдық жобалар жөнінде баяндалды.

Роман Скляр Президентке жылыту маусымына дайындық барысы жөнінде мәлімет берді. Қазіргі

кезде 309 шақырым жылу желісін реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұған шамамен 154 миллиард теңге жұмсалады. Сонымен қатар биыл жалпы сомасы 327 миллиард теңгеге 10 энергия блогын, 55 қазандықты және 45 турбинаны күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Инвестиция тарту жөніндегі кенестің қызметі, атап айтқанда шетелдік серіктестермен бірге іске асырылып жатқан ірі инвестициялық жобалар жөнінде айтылды. Олардың бірқатарына қатысты уағдаластыққа Мемлекет басшысының шетелдерге сапары кезінде қол жеткізілген.

Кенес қызметін қайта құрылымдаған сәттен бастап жалпы сомасы 40 миллиард долларға жуық 77 инвестициялық жобаның түйткілді мәселелері шешімін тапты. Бұл ретте машина жасау, тамақ және химия өнеркәсібі, тау-кен, металлургия кешені, энергетика, жер қойнауын пайдалану салаларындағы қосылған құны жоғары жобаларға айрықша мән беріліп отыр.

Президент қабылданып жатқан шаралардың маңызды екеніне назар аударып, аталған бағыттар бойынша жұмысты одан әрі жалғастыруды тапсырды.

КЕДЕЙЛІКПЕН КҮРЕСТЕГІ КӨРШІНІҢ ЖОЛЫ

Қытайдағы кедейлікті азайту орталығынан алынған білім мен тәжірибе «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында кедейлікпен күресудің жаңа тиімді әдістерін енгізуге көмектеседі.

» 3



ТАСҚЫННАН КЕЙІНГІ ТІРШІЛІК



Қазіргі уақытта тасқын өтінде болған Жылыой, Индер, Махамбет аудандары және Атырау қаласында бұзылған жолдарды қалпына келтіру, көпір салу, баспанасы суға кеткендерге жаңа үй тұрғызу, өтемақы төлеу бойынша жұмыстар жүріп жатыр.

» 14-15



ҚАЗАҚСТАН-КОНГО ЫҚПАЛДАСТЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Басы (1-бетте)

Бүгінгі кол қойылатын құжаттар саяси және экономикалық ынтымақтастықты дамытуға тын серпін береді деп сенемін. Осы ниетіміздің айғағы ретінде біз Конгоға Елші тағайындаймыз, – деді Президент.

Өз кезегінде Дени Сассу-Нгессо Қасым-Жомарт Тоқаевтың Конгоға дипломатиялық өкіл тағайындау туралы шешімі өзара ынтымақтастықты нығайта түсетінін айтты.

– Шын мәнінде, сіздің бұл шешіміңіз Қазақстан мен Конго арасындағы өзара ықпалдастықты дамытуға деген ұмтылысыңызды анық көрсетеді. Біз жүзеге асыруға келіскен жобалар бойынша екі ел үкіметтері бірқатар келісім әзірледі. Мұның екі елге де пайдалы болары сөзсіз. Кейінгі жылдары Қазақстан даму жолында зор табысқа жеткенін атап өткім келеді. Біз Сіздің еліңізбен экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға мүдделіміз, – деді Конго Президенті.

Мемлекеттер басшылары Қазақстан-Конго серіктестігінің даму перспективаларын талқылады. Атап айтқанда, тараптар сауда-экономика, энергетика, көлік-логистика, қаржы, цифрландыру, тау-кен өндірісі және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара ықпалдастықты кеңейту мәселелеріне айрықша назар аударды.

– Біз ауыл шаруашылығы, өндіріс, көлік-логистика және энергетика саласына қатысты келіссөз жүргіздік. Сондай-ақ жаңа технологиялар, қазба байлықтарын бірлесіп игеру, инвестиция мәселесін талқыладық. Мен Қазақстанның электронды үкімет, киберқауіпсіздік және ғарыш саласындағы жетістіктеріне тоқталдым. Екі ел үкіметтеріне өзара сауда-саттық көлемін арттыру үшін нақты шаралар қабылдау жөнінде тапсырма беруге келістік. Қазақстанның Конгоға дәнді дақылдарды экспорттауға қатысты әлеуеті мол екеніне назар аудардық. Өздеріңізге мәлім, екі елдің де табиғи ресурстары мол. Темір, фосфат, боксит және басқа да сирек кездесетін минерал кеніштерін барлау және игеру үшін бірлесе жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Қазақстан кәсіпкерлері Конгоның тау-кен саласын зерттеуге дайын екенін келіссөз барысында атап өттім, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің көлік-логистика саласындағы қарым-қатынасы жан-жақты талқыланғанын жеткізді.

– Конго Республикасы – Орталық Африка аймағының қақпасы, ал Пуэнт-Нуар порты – осы қақпаның кілті. Бұл теңіз аймағының мүмкіндіктері өте жоғары. Қазақстан осы порттың әлеуетін пайдалануға мүдделі. Біз өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға барынша күш салуымыз керек. Сондықтан мен Конго Республикасының басшылығын,

ұсынғанын мәлімдеді. Сонымен қатар екі ел халықаралық және аймақтық деңгейде тығыз қатынас орнатқанына және көптеген өзекті мәселеге қатысты ұстанымдары ортақ екеніне назар аударды.

– Жаһандық және өңірлік құрылымдар аясында ықпалдастығымыз дамып келеді. Қазіргі геосаяси жағдайда Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Африка Одағы аясында өзара қолдау көрсету және консультациялар өткізу аса маңызды. Сонымен қатар біз жаһандық және аймақтық қауіпсіздікке қатысты пікір алмастық. Қазір ең өзекті мәселенің бірі – климаттың өзгеруі. Біз осы қатермен бірге күресіп, тығыз жұмыс істеуге келістік. Мен Конго басшысының орман өсірудің және орманды қалпына келтірудің жаһандық онжылдығын жариялау туралы бастамасын қолдаймын, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дени Сассу-Нгессоның елімізге сапары тарихи маңызға ие екенін айтты.

– Бұл сапар Қазақстан мен Конгоның қарым-қатынастарына тын серпін береді деп санаймын. Сонымен қатар Орталық Азия мен Африка арасындағы ынтымақтастықты нығайта түсуге ықпал етері сөзсіз. Біз бір-бірімізді қолдап, табысқа бірге жететінімізге сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Конго Президенті Қазақстанмен энергетика саласы бойынша байланыс орнатудың перспективасына баса назар аударды.

– Конго экономикасы мұнай өнеркәсібіне негізделген. Қазақстанның осы салада тәжірибесі мол. Бұдан бөлек, пайдалы қазбалардың өзге де түрлерін игеруде ықпалдастық орната аламыз. Бұл орайда Конгоның энергетика секторы қазақстандық операторларға зор мүмкіндік ұсынады, – деді Дени Сассу-Нгессо.

Конго Республикасы Президентінің Қазақстанға ресми сапары аясында бірқатар маңызды құжатқа қол қойылды. Оның ішінде Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Конго Республикасының Пошта, телекоммуникация және цифрлық экономика министрлігі арасындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, электронды үкімет қызметтері, ғарыш және киберқауіпсіздік салаларындағы ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандум; Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мен Конго Республикасының Тау-кен өнеркәсібі және геология министрлігі арасындағы тау-кен өнеркәсібі және геология саласындағы меморандум; Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен Конго Республикасының Энергетика және гидроэнергетика министрлігі арасындағы электр энергетикасы саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум бар.

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Дени Сассу-Нгессоға құрмет көрсетіп, елорда әуежайынан шығарып салды. Конго Республикасы Президентінің елімізге ресми сапары Алматы қаласында жалғасады.



Екіжақты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы мен Конго Президенті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дени Сассу-Нгессомен маңызды келісімдерге қол жеткізгенін мәлімдеді. Қазақстан Президентінің айтуынша, мұның бәрі саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды жандандыруға ықпал етеді.

кәсіпкерлерін келесі жылы өтетін Астана халықаралық форумына шақырды. Олар форум кезінде Қазақстанның экономикалық әлеуетімен таныса алады, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Астана мен Браззавиль арасында мәдени-гуманитарлық байланыс орнату өте маңызды деп санайды. Қасым-Жомарт Тоқаев Конго жастарына Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алуды



КЕДЕЙЛІКПЕН КҮРЕСТЕГІ КӨРШІНІҢ ЖОЛЫ

«AMANAT» партиясының делегациясы Қытай Халық Республикасына ресми сапармен барды және онда Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы кедейлікті азайту орталығының жұмыс тәжірибесін зерттеді. Орталық өзінің инновациялық тәсілдерімен және осы саладағы маңызды жетістіктерімен танымал. Делегация құрамында «Қарызсыз қоғам» жобасының сарапшылары да болды.

Қытайдағы кедейлікті азайту орталығы халықтың аз қамтылған топтарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған стратегияларды әзірлеу мен енгізуде көшбасшы болып саналады. Бұл орталық ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысады, білім беру бағдарламаларын ұйымдастырады және миллиондаған адамға өмір сүру жағдайларын жақсартуға көмектескен практикалық бастамаларды жүзеге асырады.

Бүгінде Қытайдағы барлық кәсіпорынның 80%-дан астамы жекеменшікте, олар жұмыс орындарының елеулі бөлігін қамтамасыз етеді. Алайда тәжірибе көрсеткендей, бұл үлкен әлеуметтік жіктелуге, халық табысындағы үлкен алшақтыққа әкелуде.

«2016 жылы ҚХР Мемлекеттік кеңесі «Кедейлікті жою бағдарламасын» жариялады. Сол жылы Alibaba 20 мыңнан астам Таобао ауылдық қызмет көрсету орталықтарын ашты. Мұндай орталықтарда тұрғындар электронды сауда алаңында жұмыс істеуді, өз өнімін сату үшін интернет-дүкен ашуды үйренді. 2017 жылдың өзінде елде 9 миллионнан астам ауылдық онлайн-дүкендер пайда болды, 28 миллион жаңа жұмыс орны ашылды», — дейді «Қарызсыз қоғам» жобасының авторы, «AMANAT» партиясының хатшысы Эльдар Жұмағазиев.

Осылайша, кедей аудандардағы инфрақұрылым да едәуір жақсарған: 1,1 миллион шақырым жол қайта жанартылды, 35 мың шақырым теміржол салынды, сумен жабдықтаудың жалпы көлемі 18,1 миллиард текше метрге өскен. Инфрақұрылымды дамыту миллиондаған адамдарды экономикалық айналымға тартуға мүмкіндік берді.

Қытайдағы кедейлікпен күресудің ең маңызды ерекшелігі — нақтылық пен атаулы сипаты. Кедейлерге көмек көрсету және кедейлікті жою мақсаттарын жүзеге асыруға ақпараттық қолдау көрсету үшін кедейлікке қарсы мемлекеттік ақпараттық платформа құрылған.

Соңғы 10 жылда Қытайда кедейлікке қарсы әлеуметтік бағдарламаларға 246 миллиард доллар инвестицияланды. Жылдар бойғы күш-жігерден кейін 2020 жылы кедейлік шегінен төмен тұрған 100 миллион қытайлық ауыл тұрғынының барлығы кедейліктен арылды, ал 832 уезд бен 128 мың ауыл кедейлер тізімінен шығарылды.

Айта кетейік, Кедейлікті азайту орталығынан алынған білім мен тәжірибе «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында кедейлікпен күресудің жаңа тиімді әдістерін енгізуге көмектеседі.

«Бұл біз үшін бұрын-соңды болмаған тәжірибе болды және оның кейбір элементтерін «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында енгізуге тырысамыз. Біз тек қаржылық сауаттылықпен ғана шектеліп қоймай, ауыл тұрғындарына ауыл шаруашылығы дақылдарын дұрыс өсіруді үйрете бастаймыз, оларға тауарлық несиелер беріп, мамандардың сүйемелдеуін қамтамасыз етеміз. «Ауылда жасалған» тұтыну кооперативінің қызметі арқылы жеке шаруа қожалықтарын біріктіреміз», — деді «Қарызсыз қоғам» жобасының жетекшісі Акмарал Бекмұрзаева.

Сонымен бірге іссапарда қазақстандық делегация Қытай халықаралық кедейлікті азайту орталығы директорының орынбасары Ли Синь ханыммен, ҚКП ОК Халықаралық бөлімі меңгерушісінің орынбасары Ли Минсянмен, Сун Цинлин атындағы жастардың ғылыми-техникалық және мәдени алмасу орталығының басшысы Го Синьбаомен кездесті.

Одан бөлек, партия өкілдері Циндао қаласы Лаошань ауданындағы жаңа ауылшаруашылық демонстрациялық аймағына барды және жергілікті деңгейде партиялық жұмыс құру тәжірибесін зерделеді.

Еске сала кетейік, «Қарызсыз қоғам» жобасы былтыр 2 мамырда басталған болатын. Биыл Президент тапсырмасымен еліміздің барлық 20 өңірінде, оның ішінде Астана, Алматы, Шымкент қалаларында халықты қаржылық сауатқа жаппай оқыту ұйымдастырылды. Жыл басында арнайы оқытылған 150 қаржы сарапшысы мен 20 білікті заңгердің пулы құрылды және бүгінгі күнге дейін 150 мыңнан астам адам жаңа білім алды.

«Қарызсыз қоғам» жобасына демеушілік көрсететін банктер саны артып келеді. Атап айтқанда, Freedom bank, Centercredit bank, Halyk bank, Altyn bank, Bereke bank, Eurasian bank, Forte bank, Home Credit, Jusan, Nurbank, bank RBK жобаның серіктесі атанды.

Оқу курсының қатысушыларына ыңғайлы болу үшін qogamfin.kz. онлайн-платформасы әзірленді. Сайт арқылы оқуға жазылып, пайдалы материалдар мен бейне сабақтарды жүктеп алуға болады.



ТАЗАЛЫҚ – МӘДЕНИЕТТІҢ ӨЛШЕМІ

«AMANAT» партиясының «Таза бейсенбі» акциясы еліміздің барлық өңірінде жалғасып жатыр. Мұндағы мақсат – экологиялық мәдениетті қалыптастырып, азаматтардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыру. Акция Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында қолға алынған.



6 маусымнан бері партия мүшелері жол бойындағы, өндірістік аймақтардағы, тұрғын аудандардағы және әлеуметтік нысандардағы түрлі орынды қоқыстан тазартып келеді. Соңғы күндері акцияға қатысушылар өзен-көлдер мен жағалау аумақтарын, жайылмаларды қоқыстан тазарту жұмысына белсене атсалысуда.

Түркістан облысындағы партияластар да ортақ істен шет қалмай, ауыл-аймақтарды күл-қоқыстан тазартты. Игі іске партия қызметкерлерімен қатар, мәслихат депутаттары, саяси ұйым жанындағы қоғамдық құрылымдардың мүшелері, бастауыш партия ұйымдарының өкілдері, «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері қатысуда. Акция бұл жолы киелі Қазығұрт тауының баурайындағы «Ақбура әулие» тарихи ескерткіш кесенесінің маңайында жалғасты.

«Тарихымызда өзіндік орны бар осы аумақтың тазалығын сақтау – перзенттік борышымыз. Алтын бесік туған жерімізге жанашыр болу – бәрімізге ортақ міндет. «AMANAT» бастамашыл болған жобаға қоғам болып атсалысуға шақырамыз», — деді «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев.

Сондай-ақ Абай облысында партиялықтар Аягөз ауданы Аягөз өзенінің жағалауында тазалық жұмысын жүргізді. Акцияға аудандық депутаттар, жергілікті атқарушы органдар қызметкерлері, партияластар мен ауыл тұрғындарын қоса есептегенде жалпы 85 адам қатысты. Аягөз өзенінің бір шақырым жер аумағы тазаланып, 3 тоннаға жуық қоқыс шығарылды.

«Жаз айларында азаматтар табиғат аясына демалысқа шығып, өзен-көлдердің бойында дастарқан жаяды. Өкінішке қарай, кей адамдар отырған жерлерінде қоқыстарын жинамай, сол күйі тастап кетеді. Әсіресе, пластик ыдыстар көптеп жиналады. Акцияға қатысып жатқан еріктілердің осы еңбегі демалушыларға үлгі болса екен деймін. Біз еліміздің барлық аумағы таза болғанын қалаймыз», — деді акцияға қатысушы волонтер Айжан Сапарғалиева.

Ал Павлодарда ұйымдастырылған экологиялық іс-шараға 50-ге жуық адам қатысты. Олар қарттар мен мүгедектерге арналған медициналық-әлеуметтік мекеменің 3,3 гектар аумағын тазалады. Өз кезегінде қарттар үйінің директоры Марина Стрелковская игі іске қатысқан «аманаттықтар» мен еріктілерге алғысын білдірді.

«Біздің мекемеде 273 адам тұрады, оның 94-і мүгедек. Бұл аумақ үнемі күтімді қажет етеді және еріктілердің көмегі біз үшін өте маңызды. Биыл көктемде партия бізге көшеттер мен гүл отырғызуға арналған

материалдарды жеткізді. Мұндай жүйелі қолдау біз үшін өте маңызды», — деп атап өтті ол.

Шығыс Қазақстан облысында акцияға қатысушылар Самар ауылының көшелері мен Ешкібай су қоймасының бойын тазартты. 100-ден астам адам атсалысқан іс-шара барысында 3 тоннадан астам қоқыс жиналып, қайта өңдеуге жіберілді.

Сонымен қатар Жетісу облысында партияның ұйытқы болуымен өткен шараға барлық деңгейлі мәслихат депутаттары, бастауыш партия ұйымдарының мүшелері, ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, спортшылар және әртүрлі мекемелер қолдау білдіріп, Талдықорған қаласындағы Балықты өзенінің жағалауын қоқыстан тазартты.

«Балықты өзенінің жағалауындағы 3 учаскеден 8 тонна қоқыс жинап шықтық. Қоршаған ортаның жай-күйіне немқұрайды қарайтын демалушылар пластик бөтелкелерді, қаптапаларды, алюминий банкаларды қалдырып кетеді. Әр азамат тазалық өзімізден басталатынын ұғынуға тиіс. Осы орайда өңір тұрғындарын апта сайын бізбен бірге акцияға қатысуға шақырамыз», — деді өңірлік партиялық бақылау комиссиясының мүшесі Ерғазы Қошанбеков.

Бұдан бөлек, Алматыда Әуезов ауданының әкімдігімен бірлесе «AMANAT» партиясының 150-ден астам мүшесі және аудан белсенділері 8-ықшам ауданында орналасқан саябақта тазарту жұмысын жүргізді. Акция барысында сквер бөтелкелерден, қаптапалардан, құраған жапырақтардан және басқа да тұрмыстық қоқыстардан тазартылды. Жалпы алғанда, 1,5 тоннаға жуық қоқыс жиналды.

Ал Шымкентте акцияға қатысушылар Еңбекші ауданына қарасты Қаратөбе тұрғын алабы, Жұлдыз аумағы, Қапал батыр көшесі бойында тазалық жұмысын қолға алды. Экоакцияға «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұрат Жолдыхожаев, мәслихат депутаттары, фракция мүшелері ардагерлер, белгілі спорт шеберлері, жергілікті тұрғындар қатысты. Сондай-ақ партия қызметкерлері, қалалық «Жастар Рухы» ЖК белсенділері, Jasyr el еңбек жасағы және бастауыш партия ұйымдары белсенділік танытты.

Осыған ұқсас іс-шаралар еліміздің өзге өңірлерінде де өтті. Бұл тек қоқыс жинау ғана емес, әр учаскеге мәслихат депутаттары, белсенділер мен бастапқы партия ұйымдарының басшылары бекітілген. Олар сол учаскелерде тәртіп пен тазалықты қамтамасыз етеді, сондай-ақ қоқыс жәшіктерін орнату, аумақтарды көгалдандыру, жолдар мен тротуарларды жөндеу сияқты инфрақұрылымды жақсарту мен дамыту мәселелерін шешеді.

АСЫРАНДЫ БАЛАҒА БОЙДАҚ ПАНА

Конституциялық сот бойдақ керлерге бала, соның ішінде қыз асырап алуға ресми түрде рұқсат етті. Оның шешімінде: «Ерлер мен әйелдер бала асырап алғысы келетіндердің тізімінде тең дәрежеде бола алады» делінген. Бұл кесімге балалар омбудсмені Динара Зәкиева бастап, біраз қоғам белсендісі қарсы шықты. Қоғамда дау тудырған шешімнің елге қандай пайдасы, яки зияны бар?

ӘКЕ ЖҮРЕГІН ЖАЛҒЫЗДЫҚПЕН ЖАЗАЛАУҒА БОЛА МА?

Алдымен, Конституциялық сот шешімін немен дәйектегеніне тоқталсақ. Семейде ұлттық құндылықтарды қорғауға бағытталған бірқатар іс-шарасымен белгілі қоғам белсендісі Е.Аққожа «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 91-бабының 2-тармағының 11) тармақшасының ел конституциясына қаншалықты сәйкес екенін тексеруді сұрап, КС-ке өтінішпен жүгінген болатын.

Өйткені онда тіркелген некеде тұрмаған, отбасы құрмаған («ерлі-зайыпты болмаған») ер жынысты адамдарға бала асырап алуға қатаң тыйым салынады, заңмен қудаланады. Бұл ретте, Ата Заңның 14-бабының 2-тармағында: «...жынысына немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп нақты айтылған. Яғни, конституция мен кодекс бір-біріне қайшы талап қояды.

Е.Аққожа қазақтың қарақоз жетім балаларын қанатының астына алып, ұлттық тәрбиеде өсіруге тілек білдіріп, құлық танытады. Бірақ 2023 жылғы 26 қазанда Семей қаласының білім бөлімі Отбасы кодексінің жоғарыда аталған нормасына сілтеме жасап, өтініш берушіні жалғызбасты ер адам болғаны үшін «жетім баланы асырап алуға ниеті бар адам» ретінде есепке қоюдан үзілді-кесілді бас тартқан.

Тараптардың соның ішінде Әділет, Оқу-ағарту, Мәдениет және ақпарат министрліктерінің, Бас прокуратураның, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың, Парламенттің өкілдерінің және сарапшылардың пікірлерін тыңдай келе, Конституциялық сот «Неке және отбасы туралы» кодекстің 91-бабы 2-тармағының 11) тармақшасын «Конституцияға сәйкес емес» деп таныды.

Енді Үкімет пен ел Парламентіне келесі жылғы ақпаннан кешіктірмей, Отбасы кодексін қайта қарап, аталған норманы жоюына тура келеді.

Конституциялық сот шешімі нені білдіреді? Қарапайым тілмен айтқанда, «жалғызбасты ер адамның асырауына бергенше, одан да бала әрі қарай жетім қалсын!» деген қатыгез ұстаным Ата Заңға қайшы, адамгершілікке де жатпайды.

«Себебі Қазақстан Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады. Конвенцияға сәйкес, жеке тұлғасы толық және үйлесімді дамуы үшін әрбір бала отбасында, бақыт, махаббат және түсінушілік атмосферасында өсуі қажет. Конвенцияда балаларға қатысты барлық іс-әрекеттерде, оларды әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерімен айналысатын мемлекеттік немесе жеке мекемелердің, соттардың, әкімшілік немесе заң шығарушы органдардың қандай шешім қабылдағанына қарамастан, ең бірінші кезекте баланың мүдделерін барынша

БОЛА МА?



толық қамтамасыз етуге көңіл бөлінеді деп бекітілген», — деп дәйектеді өз шешімін Конституциялық сот.

Конституциялық сот Ата Заңның 27-бабының 2-тармағы бойынша «балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу — ата-ананың етене құқығы әрі міндеті» екенін нұсқады. Отбасы кодексінің 116-бабына сәйкес, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ең алдымен отбасыда тәрбиелеуге — асырауға, қорғаншылыққа, қамқоршылыққа, патронатқа, баланы қабылдайтын отбасыға берілуі қажет. Тек осыған ешқандай «мүмкіндік болмаған» кезде жетімханаларға орналастыру көзделген.

Мына жағдайда «мүмкіндік бар»: жалғызбасты ер адам тастанды балаларға қамқор әке болғысы келеді. Алайда мемлекеттік орган — Семей қаласының білім бөлімі баланы отбасыға беруден бас тартып отыр. Бас тартуына Отбасы кодексіндегі аталған норма негіз.

— Бала асырап алу — жалғыз ата-анасы немесе екеуі де қайтыс болған, баласынан бас тартқан, ата-ана құқықтарынан айырылған және олар қалпына келтірілмеген, туыстарына, асырап алынатын баланың анасымен немесе әкесімен некеде тұратын адамдарға баласын асырап алуына келісім берген, сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз, хабар-ошарсыз кеткен деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған не белгісіз болған кезде көмелетке толмаған балаларды қорғаудың ең жақсы және орнықты нысандарының бірі деп танылады. Бұл кодекстің 84-бабында жазылған, — деп қаперге салды Конституциялық сот.

БОЙДАҚ ЖІГІТ ӘКЕ БОЛЫП ЖАРЫТА МА?

Конституциялық соттың бұл шешіміне Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева бастаған бірқатар тұлға қарсы шықты. Олар Отбасы кодексіндегі аталған тосқауылдың жойылуы сезікті, жалғызбасты жандардың балаларды асырап алуына жол ашуы мүмкін деп қауіптенеді.

Мысалы, Конституциялық сот шешіміне қарсылығын білдірген балалар омбудсмені Зәкиева жетімдерді үйленбеген ер адамдарға беруге тыйымды сақтау керектігін айтып, табандады.

— Бұл мәселе талқыға салынғанда мен де, сондай-ақ Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті де наразылық білдіріп, тиісті ұстанымымызды бағыттадық. Оған сәйкес, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

тұрғысынан алғанда, жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды ресми тіркелген некеде тұрмаған ер жынысты тұлғаларға беруге тыйымды заңнамада әрі қарай сақтау қажет, — деді балалар омбудсмены.

Динара Зәкиеваның байламынша, Конституциялық соттың шешімі баршаның орындауына міндетті болғандықтан, бұдан былай балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің барлық тетігін қайта қарап, оларды әлсірету емес, керісінше, күшейту қажет.

«Бәлкім, бұдан былай бала асырап алуға құмартқан кандидаттарға талаптарды жоғарылату мәселесін қарастырған жөн болар. Сонымен қатар асырауына бөтеннің баласын алуды қалайтын адамдардан асырап алушы ата-аналардың мектебінде оқудан өтіп, оны толық аяқтап шығуды талап еткен жөн. Мұның сыртында асырап алушыларды Балаларды қолдау орталықтарының бақылау, әрі қарай сүйемелдеп отыруын қарастыру керек», — деді Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Д.Зәкиева.

Құқыққорғаушы Дина Таңсәрінің пікірінше, жалғызбасты, балажан ер адам жетімге жақсы жағдайлар жасай алса, оны тек құптау керек.

«Бірақ сақ болған жөн. Біздің қор қарастырған қорқынышты дерек болды. Түрмеден босап шыққан 35 жастағы күйеуі соққыға жыға берген сон, әйелі қашып кеткен. Үйде 11 жасар қызы онымен жалғыз қалған, көрмеген қорлығы-зорлығы жоқ деуге болады. Ол тек есейген соң бізге жүгінді. Полиция іс қозғады, қылар қайраны болмады: көп жыл өтіп кеткен, ештеңені дәлелдеу мүмкін емес. Бізде білім беру жүйесі және оған жататын қамқоршылық пен қорғаншылық органдары — ең бір жемқорлық жайлаған сала. Жетім балаларды тарататын да солар. Бала асырап алғысы келетіндер кезегінде толық, мерейлі отбасылар да бар. Соларға бірінші беру керек. Жүйе жетімдерді жалғызбасты еркектерге беріп, оның кейінгі тағдырын бақылауға дайын емес», — деді құқық қорғаушы.

Әлеуметтанушы Елена Ходырева Конституциялық соттың шешімі көңіліне жақпағанын, бірақ онымен келісуге тура келетінін айтады.

— Конституциялық соттың шешімі күшіне енді және ол — Қазақстанның бүкіл аумағында жалпыға міндетті. Оған қарсы бірде-бір мемлекеттік орган шағым түсіре алмайды. Осылайша, Қазақстанда бойдақ адамдарға да бала асырап алуға рұқсат

етілді. Мемлекет бұл шешімді жүзеге асыру нәтижесінде, жүрегі жаралы жетімдердің бала жәбірлеуді жаны сүйетін қаскөйлердің қолына түсіп кетуіне тосқауыл қойғаны, тиісті тетіктерді әзірлегені жөн. Енді кез келген бойдақ жаппай бала асырап алады деген сөз жоқ. Баланы кімнің асырауына беру мәселесін сот шешеді. Олай болса, үміткердің мінез-құлқын, тәртібін, өмірлік салтын, тұрмыс жағдайларын ескеріп, сот әр жағдайда әртүрлі шешім қабылдайды, — деді әлеуметтанушы.

АСЫРАУШЫНЫҢ ҚАСКӨЙ БОЛМАУЫНА КІМ ЖАУАПТЫ?

Өз кезегінде сот Отбасы кодексіне сәйкес, асырап алушының мысалы, тұрақты тұрғылықты жері жоқ адам, гомосексуал, азаматтығы жоқ адам, қылмыскер, наркологиялық, психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұрған адам, педофил немесе ең төмен күнкөріс деңгейінде қамтамасыз ететін кірісі жоқ тақыр кедей болмауын назарға алады.

Ходырева Конституциялық сот айтқан бір жайтқа назар аударғаны. Жауапты органдар, соттар баланы асырауға беру кезінде мұның баланың мүдделеріне қаншалықты сәйкес келетінін қарап, соны бірінші кезекте басшылыққа алуы тиіс. Жаңа отбасы, әкесі немесе шешесі баланың дене бітімі, психикалық, рухани және адамгершілік жағынан толыққанды дамуын қамтамасыз етуі шарт.

Сарапшылар да, Конституциялық сот та бір жайтты нықтады: баланы асырауға беру кезінде ең бастысы — асырап алушының балалы болуға деген қажеттілігі немесе тілек-ниеті емес. Ең бастысы — баланың отбасы ортасында толыққанды даму мен тәрбиеленуі құқығы. Сол себепті Конституциялық сот өз шешімінде «баланы толық отбасыға беруге басымдық беруді» жүктеді. Яғни, жетімдер бірінші кезекте толық отбасыларға, олардан сұрау, құлшыныс болмаса ғана жалғызбасты адамдарға берілуге тиіс. Сондай-ақ асырап алушылар мен балалар арасындағы психоэмоционалдық байланыс пен бауыр басушылықты ескеру тапсырылды.

«Осыдан кейін жетімдер жалғызбасты педофилдердің қолына түсіп кетпей ме?» деген қауіп қоғамды мазалайды. Әлеуметтанушы жетім балалардың педофилдердің қолына түсу-түспеуі мемлекетке, қамқоршылық-қорғаншылық функцияларын атқаратын мекемелерге, соттарға байланысты екенін ескертті. Бұған жол бермеу үшін олар өз ісіне жауапты қарап, әрбір үміткердің тұр-тұлғасын тани білгені маңызды.

«Асырап алынғаннан кейін бала асырап алынғанға дейінгі немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың басқа нысандары (қорғаншылық және қамқоршылық, баланы қабылдайтын отбасы, патронаттық тәрбие, бала қонақтайтын отбасы) шеңберінде қамтамасыз етуге болатын жағдайдан нашар әлеуметтік және өзге жағдайларға түспеуі тиіс. Бала асырап алу жүйесін, асырап алушыларды іріктеуді және асырап алынған балалардың кейінгі тағдырын бақылау жүйесін үнемі жетілдіріп отыру қажет. Сонда балалардың мүдделері барынша жақсы қамтамасыз етіледі», — деп міндет қойды Конституциялық сот.

Қалай болғанда, Қазақстанда бала асырап алуға ниетті адамдар арасындағы гендерлік теңсіздік Ата Заңға сәйкес келмейді деп танылды.

Үкімет 6 айдан кешіктірмей, Мәжіліске Конституциялық соттың қаулысында жазылған құқықтық ұстанымдарды ескере отырып, бала асырап алу институтын реттеуді жетілдіруге бағытталған заң жобасын енгізеді. Ол құжат Неке және отбасы кодексіндегі ресми некеде тұрмаған, отбасы құрмаған бойдақ еркектердің бала асырап алуына тыйымды жояды. Мұның арты неге соқтырарын тәжірибе көрсетеді.

Өңірлерді дамыту қашанда күн тәртібінен түспек емес. Оның ішінде көші-қон, инженерлік инфрақұрылым, әлеуметтік көмек және тағы да басқа мәселелер бар. Өңірлердің мықты болғаны, еліміздің де мықты болмағы десек, мұнда ауылдардың әл-ауқаты бірінші кезекте қарастырылса керек.

Нұрлан ҚОСАЙ

СОЛТҮСТІККЕ КӨШ ЖҮРЕ ТҮЗЕЛЕДІ

Былтыр «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын іске асыру аясында еліміздің еңбек күші артық өңірлерінен тапшы аймақтарға 8 903 адам өз еркімен қоныс аударған екен, оның 2 337-і — қандастар. Барлық қоныс аударушыларға мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілген. Ұлттық жоба аясында оның мынадай түрлері қарастырылған: отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК мөлшерінде біржолғы көмек түріндегі көшуге арналған субсидия, отбасы мүшелерінің саны мен елді мекенге байланысты 15-тен 30 АЕК-ке дейінгі мөлшерде 12 ай ішінде тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ай сайынғы субсидиялау, қысқамерзімді кәсіптік оқытуға жіберу, жұмысқа орналасуға немесе кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу, «Экономикалық ұтқырлық» сертификаттарын беру.

«Бұдан басқа, өңіраралық қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілерге тұрғын үймен қамтамасыз етілген және кемінде 2 жыл мерзімге тұрақты жұмысқа қабылданған әрбір қызметкер үшін 400 АЕК мөлшерінде жұмысқа орналасуға біржолғы субсидия беріледі. Былтыр барлық қоныс аударғандардың ішінде 4 158 адам еңбекке жарамды, оның 3 079-ы тұрақты жұмысқа орналастырылған, 164 адам кәсіпкерлік қызметпен айналысса, 35 адам бизнес ашу үшін гранттар алды», — делінген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі таратқан хабарламада.

Өңірлерді дамытуға бағытталған ішкі көші-қон бағдарламасын пайдаланғандардың бірі — Масатбаевтар отбасы. 2021 жылы Астанадан Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша қаласына көшіп келген оларға алғашында 612 570 теңге сомасында материалдық көмек көрсетілген екен. Сондай-ақ қаланың басынан мемлекеттен жалға тұрғын үй берілген.

«Былтыр 1 млн 380 мың теңге сомасына мемлекеттік грант алып, шағын кондитерлік дүкенін аштым. Тайынша ауданының Жұмыспен қамту орталығына барғанымда қоныс аударушы ретінде қайтарымсыз грант ала алатындар санатына кіретінім туралы білдім. Сол жерде барлық сұрақтар бойынша кеңес берілді. Осындай мүмкіндікті құр жібермей, өзімнің бизнес-жоспарымды қорғап, мемлекеттен грант алдым», — дейді Құралай Масатбаева.

Биыл Қазақстан қандастарды қабылдау үшін 2 433 квота, солтүстік облыстарға қоныс аударатындар үшін 7 050 квота бөліні. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 554 квотаға көп. Соның ішінде СҚО — 2 702, Павлодар облысы — 2 603, Қостанай облысы — 950, ШҚО — 372, Абай облысы — 255, Ұлытау облысы — 132, Қарағанды облысы — 36 адам.

«АУЫЛ — ЕЛ БЕСІГІ»: 5 МЫҢНАН АСА ЖОБА ІСКЕ АСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы «Сындарлы қоғамдық диалог — Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Ауыл — ел бесігі» жобасын одан әрі жалғастыруды тапсырған болатын. Сол тапсырмаларды орындау мақсатында соңғы бес жылда «Ауыл — ел бесігі» жобасын жүзеге асыру аясында тек республикалық бюджеттен 524 млрд теңге бөлініп, 5400-ден астам жоба жүзеге асырылды. Бұл жобалардың мақсаты — инфрақұрылымды

ӨҢІРЛЕРДІ ӨРКЕНДЕТУ ӨЗЕКТІ



жаңғырту, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту. Таяуда «AMANAT» партиясында Өңірлік даму жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысы өтіп, күн тәртібі «Ауыл — ел бесігі» жобасын іске асыру мәселелеріне арналды. Бұл жобаны іске асыру міндеті — «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасындағы негізгі басымдықтардың бірі.

«Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 6 256 ауыл бар. Әдістемеге сәйкес, даму әлеуеті жоғары 3,5 мың ауыл (1,2 мың тірек ауыл және 2,3 мың спутниктік ауыл) іріктеліп алынды, онда ауыл тұрғындарының 93%-ы тұрады. Биыл ауылдардағы әлеуметтік, инженерлік, көліктік инфрақұрылымды дамытуға республикалық бюджеттен 404,8 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 425 млрд теңге, басқа да көздерден 20 млрд теңге қарастырылған. Сонымен қатар бүгінгі күні мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесі негізінде ауылдың цифрлық картасын әзірлеу бойынша, оның ішінде өңірлік стандарттар жүйесін және «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасын интеграциялау жұмыстары жүргізілуде», — деді жиын барысында ауылдардың бүгінгі ахуалы туралы баяндаған Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков.

«Ауыл — ел бесігі» жобасының басты мақсаты — ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту, ауылдарды тұрақты дамыту. Жоба шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту, ауыл халқының әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету және жалпы жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру бойынша бірқатар міндеттерді шешу көзделген. Мәселен, биыл Қызылорда облысының 39 ауылдық елді мекенінде 69 жобаны жүзеге асыруға 11 млрд теңге қаралып отыр. Олардың арасында білім, денсаулық, мәдениет, спорт, электрмен қамту, газдандыру, ауыз сумен қамту, көлік инфрақұрылымы, абаданандыру жобалары бар. Бүгінде 5,6 млрд теңге игерілді, жоспар бойынша 36 жоба биыл аяқталмақ.

ЦИФРЛЫҚ КАРТАДАН ВАУЧЕРЛІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ДЕЙІН

Қазақстан Премьер-Министрі Олжас Бектенов таяуда мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру арқылы елімізде өмір сүру сапасын жақсарту жөнінде кеңес өткізді. Онда «Отбасының цифрлық картасын» одан әрі жетілдіру мәселелері

қаралып, «Әлеуметтік әмиян», «Мектепке дейінгі ұйымдарды ваучерлік қаржыландыру» жобалары талқыланды. Үкімет басшысы тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту критерийі бойынша әкімдердің нақты жұмысына КРІ енгізуді тапсырды. Ол үшін «Отбасының цифрлық картасы» платформасы негізінде шұғыл және дағдарыс деңгейінен қанағаттанарлық және бақуатты деңгейге дейінгі бес санат бойынша барлық қазақстандық отбасының әл-ауқатына тұрақты мониторинг пен талдау жүргізілетін болады. Отбасылардың қанағаттанарлықсыз санаттан жақсаруға көшу динамикасына және керісінше көрсеткішке байланысты

“

Соңғы бес жылда «Ауыл — ел бесігі» жобасын жүзеге асыру аясында тек республикалық бюджеттен 524 млрд теңге бөлініп, 5400-ден астам жоба жүзеге асырылды.

жергілікті атқарушы органдардың жұмысы бағаланады. Әкімдерге бұл құралды орта және ұзақмерзімді шараларды жоспарлап, іске асыру үшін қажетті негізгі нұсқаулық ретінде пайдалануға кеңес етілді. Мұқтаж отбасылардың өмірде қиын жағдайға тап болу қаупінің алдын алу мақсатында, сондай-ақ кедейлікті, жұмыссыздықты, халықтың жасырын жұмыспен қамтылуын азайту үшін оларды белсенді түрде анықтау қажет. Үкімет басшысы өңір әкімдеріне орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп әр отбасымен жеке жұмыс жүргізуді әрі «дағдарыс» және «шұғыл» санаттардағы отбасыларды қысқартуды қамтамасыз етуді тапсырды.

«Мемлекет басшысының алдымызға қойған міндеті — еліміздегі өмір сапасын жақсарту. Тетік бар, мемлекеттік қолдау шаралары жұмыс істейді, мемлекет қажетті қаражатты бөледі. Біз әкімдердің адамдардың әл-ауқатын жақсартуға қосқан үлесін нақты бағалау критерийіне көшеміз. Индикаторлардың орындалу мониторингі тұрақты болады. Біз онлайн режимінде динамиканы көріп, қорытынды жасаймыз», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Бір айта кететіні, республикалық бюджеттің басым бөлігі әлеуметтік міндеттемелерді толық іске асыруға, өңірлерді дамытуға бағытталған. Осыған байланысты кеңесте азаматтарға мемлекеттік қолдау шаралары-

ның уақытылы көрсетуі әрі ашықтығын қамтамасыз ететін «Әлеуметтік әмиян» жобасы қаралды. Сол арқылы бүгінде тұрғындарға пилоттық режимде мектептерде тегін және жеңілдікпен тамақтану, дәрі-дәрмек ұсынылады. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін сатып алуға, мүгедектігі бар адамдар үшін оналтудың техникалық құралдарын сатып алуға атаулы көмек көрсету жөніндегі пилоттық жобаны, сондай-ақ ЖЖМ мен тауарлы газға бағаның өсуін өтеу мақсатында халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған ваучерлерді іске қосу қосымша пысықталуда.

«Мемлекеттік органдарға әлеуметтік әмиянға және цифрлық картаға түсетін деректердің өз саласы мен бағыты бойынша дәлдігі мен дұрыстығын қамтамасыз етуді тапсырамын. «Әлеуметтік әмиян» жобасын кеңейту, заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу мәселелерін пысықтау қажет. Бұдан басқа, қаражатты мақсатты есептеуді, оның ішінде электронды ақша мен цифрлы теңге платформаларын пайдалана отырып пысықтауға баса назар аударған жөн», — деді Үкімет басшысы.

Сондай-ақ жиында білім беру қызметтерін көрсету сапасын арттыруға бағытталған «Мектепке дейінгі ұйымдарды ваучерлік қаржыландыру» жобасы таныстырылды. «Ақша баланың соңынан жүреді» тұжырымдамасы мемлекеттік тапсырыс қаражаты ата-аналардың тандауынан кейін ғана мектепке дейінгі ұйымдарға аударылатынын білдіреді. Бұл балабақшалар арасында бала үшін бәсекелестікті арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді. Оқу-ағарту министрлігіне Тараз және Шымкент қалаларында ваучерлік қаржыландыру бойынша пилоттық жобаны аяқтау және оны 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап бүкіл ел бойынша таратуды қамтамасыз ету тапсырылды.

Осы ретте, бүгінде Қазақстан мемлекеттік қолдау шараларымен келесі санаттағы тұлғалар қамтылғанын атай кету керек: білім беру саласында жан басына шаққандағы қаржыландыру — 4,2 млн-нан астам баланы құрайды, жоғары білім алуға грантка 692 мыңнан астам адам ие, мәдениет және спорт саласындағы жан басына шаққандағы қаржыландыру — 250 мыңнан астам адам, денсаулық сақтау жүйесіндегі жан басына шаққандағы қаржыландыру — 20 млн-нан астам адам, тегін дәрі-дәрмектерді 2,1 млн-нан астам адам алады, мүгедектігі бар 732 мың адамға әлеуметтік төлемдер төленеді, балалары бар отбасыларға әлеуметтік төлемдер санатына 1 млн-нан астам отбасы жатады, ал атаулы әлеуметтік көмекпен 255,2 мың адам қамтылған.



Жаймашуақ жаз маусымының аяқталуына небәрі бір ай ғана уақыт қалды. Бұл дегеніміз көп кешікпей қарбалас сабақ күндерінен дамыл тапқан оқушылар мен студенттер білім ордаларына оралады деген сөз. Алайда жыл сайын оқу жылы жақындаған тұста студенттерге қатысты түйіні тарқамасаң мәселенің шеті көрініп қалатыны жасырын емес. Әсіресе, елімізде студенттер ең көп шоғырланған Алматы шаһарында жатақхана мәселесі әлі күнге дейін толыққанды шешімін таппай келеді. Мәселен, биыл қалада 29 мыңға жуық студентке жатақхана жетпейді. Ал бытыр дәл осы уақытта бұл көрсеткіш 33 мың орынды құраған. Демек бір жыл уақыт аралығында атқарылған жұмыстың нәтижесі – 4 мыңға жуық студент жатақханамен қамтамасыз етілген.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

СТУДЕНТТЕРДІҢ 62 ПАЙЫЗЫ – ӨЗГЕ АЙМАҚТАРДАН

Қазір шаһарда орын тепкен 35 жоғары оқу орнында жалпы саны 200 мыңға жуық студент білім алады. Олардың 62 пайызы (124 мың) – еліміздің түкпір-түкпірінен арман қуып, білім іздеп келген студенттер. Демек, Алматы қаласында жатақханаға деген сұраныс басым. Онымен қоса, алдағы 3-4 жылдың төңірегінде аталған мәселе өзектілігін жоюы екіталай.

Бытыр жыл соңындағы көрсеткішке назар аударсақ, Алматыдағы барлық жатақхана саны – 149, ал төсек-орын саны 39 145-ті құраған. Ғылым және жоғары білім министрлігі 2022 жылы республика бойынша жатақханадағы орын тапшылығы 69 мың орынға жетсе, 2023 жылы тапшылық саны 17 448 орын деген ақпарат берген еді. Десе де жатақхана жетіспеушілігі бо-

йынша шаһарымыздағы дәл қазіргі көрсеткіш өткен жылдың деректерінен асып түседі. Бұл – жаңа оқу жылының қарсаңында ұшыға түсетін жатақхана мәселесінің әлі күнге дейін толыққанды шешімін таба алмай келе жатқандығының көрінісі.

ТӨСЕК-ОРЫН ТАПШЫЛЫҒЫ КҮРДЕЛЕНІП БАРАДЫ

Біз жатақхана тапшылығы мәселесіне қатысты Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасына сауалдарымызды жолдаған едік. Жастар саясаты басқармасы студенттер оқу жылының қарсаңында, дәлірек айтсақ, қыркүйек айынан бастап құрылыс есебінен тағы да жаңа жатақханалармен қамтылатынын жеткізді.

– Жаңа 2024-2025 оқу жылында (қыркүйек айынан бастап) студенттерді 10,2 мың төсек-орынмен қамтамасыз ету жоспарланған. Оның ішінде, құрылыс есебінен 6 жаңа жатақхана – 1,2 мың төсек-орын, ал хостелдер мен қонақүйлердегі қосымша

ЖАТАҚХАНА ЖЫРЫ – СТУДЕНТТІҢ МҰҢЫ

орындар есебінен – 9 мың төсек-орын бар. 2024 жылдың соңына дейін барлығы 5 412 төсек-орыннан тұратын 11 нысанды, оның ішінде 7 құрылыс нысаны және 4 қайта жөндеу жұмыстарынан өткен нысандарды пайдалануға беру көзделген, – дейді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының баспасөз қызметі.

Ал биыл студенттердің игілігіне берілгелі отырған жатақханалар қаншалықты техникалық, санитариялық талаптарға жауап бере алады? Алматы – сейсмикалық аймақта орналасқан шаһар. Осы ретте құрылыста сейсмикалық талап басты назарға алынды ма? Сұрақтарымызға жауап берген тиісті мекеме өкілдері жатақхана мен ЖОО басшылығы арасында меморандумдар жасасу кезінде санитарлық нормалардың сақталуы ескерілгенін, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі мәселесін уәкілетті органдармен бірлесе отырып бақылау жүргізілетінін атап өтті. Студенттік жатақхананы пайдалануға беру актісін алғаннан кейін нысанның сейсмикалық аймақтардағы құрылыс талаптары тексеріледі.

Алматы қаласы бойынша студенттер омбудсмені Әділхан Төлепберген жыл санап Алматыға келетін студенттердің артып келе жатқандығын, сондықтан төсек-орын тапшылығы күрделеніп бара жатқанын алға тартты.

– Қазір біз студенттермен бірге университет жатақханаларына бақылау жұмыстарын өткізіп, мониторинг жүргіземіз. Қаламызда 35 жоғары оқу орны бар болса, күніне 3-4 университетке барамыз. Жұмыс барысында студенттердің түру жағдайларын бақылап, басшылыққа ұсыныс береміз. Оқу орындарының көпшілігі өтініштер мен құжаттарды онлайн форматта қабылдауға көшті. Әр университетте 10 тамыздан бастап студенттерді жатақханадағы орындарымен қамтамасыз ету бойынша Ахуалдық орталық пен call-орталық ашылады. Ата-аналар мен студенттер көрсетілген орталыққа хабарласып, жатақхана туралы

ақпаратты біле алады. Егер студентке жатақханадан орын жетпей қалса, олар келісімшарты бар жеке жатақханалардан орын алуға болады. Мұндай жатақханалардың тізімі оқу орнының ресми сайты мен парақшасында жарияланған, – дейді студенттер омбудсмені Ә.Төлепберген.

ПӘТЕР ЖАҒАЛАП, ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ МӘЖБҮР

Көптен бері күрмеуі шешілмеген мәселе төңірегінде студенттерді де әңгімеге тартқан едік. Өкініштісі, жатақханадан орын бұйырмаған студенттер амалдың жоқтығынан пәтер, хостел жалдап тұрады. Одан бөлек, Алматыдағы пәтер құнын ескерсек, қолында жоғары білімі бар маман екенін дәлелдейтін қағазы жоқ студенттер баспананың ақысын өтеу үшін сабақтан тыс уақытта қосымша жұмыспен айналысуға мәжбүр. Кейбір студенттердің сабақ кестесі түстен кейінгі уақытқа сәйкес келсе, тіпті кешкі ауысымда жұмыс істейтін білім алушылар тағы бар. Студенттер «Әу баста мұнда білім іздеп келдік. Бірақ тіршілік етудің қамымен сол білімді толыққанды сіңіре алмай қалмаймыз ба?..» деп алаңдайды. Иә, сапалы білім алып, әрмен қарай ғылымға бой түзеу үшін білім алушының жолында материалдық, әлеуметтік кедергілердің болмағаны жөн. Бұл ретте алматылық студенттер басшылықтан осы мәселенің басты назарға алынуын сұрайды.

Бүгінде Алматыда 109 жатақхана жұмыс істейді. Дәл қазір жатақхана тапшылығы 28,7 мың төсек-орынды құрайды. Мегаполис оқу орындарында білім алатын 200 мыңға жуық студенттің 36 мыңы жатақханада тұрады. Шаһарда жатақхана мәселесін шешу мақсатында екі бағытта жұмыс жүргізіліп отыр. Оның бірі жатақханалар жаңадан салынса, екіншісі ескі ғимараттар мақсатты бағытын өзгертіп, қайта құрылады.

Алматы қаласы

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» – ІЗГІ ЖОЛ

Жаңа оқу жылы да жақындап қалды. Тамыз айы – ең бір қарбалас уақыт. Ала жаздай алаңсыз, қамсыз дем алған балалардың мектепке жинала бастайтын шағы. Ата-аналар қамданып, оқушының керек-жарағын түгендеуге кіріседі.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Балам мектепке барды дегенше, өмірдің қилы да қызықты бір парағы ашылды деген дұрыс. Кеше ғана көңілі көктем алаңсыз ойын баласы мектеп табалдырығын аттағаннан-ақ қоғамның белді бір мүшесіне айналады. Көзқарасы, балалық балғын сезімдері, еркелігі бәрі-бәрі өзгереді. Өзінше жауапкершілікті сезініп, қиялдарына канат бітеді. Барлық баланың сәби жүрегіндегі «Мен үлкен болғанда...» деген арманы әдемі әлемнің әліппесіндей мақсаттарға жетелейді.

Сондай үлкен әлемнің бір бөлшегі болып қалыптасуы жолында бала арманның жүзеге асуы үшін алдымен ата-ананың, сосын қоғамның және мемлекеттің үлкен қамқорлығы керек. Баланың балғын қиялын ұштап, әдемі әлемге жолдама беретін де оны қоршаған орта, қоғам. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңына сәйкес еліміздің барлық балалары тең дәрежеде жалпыға міндетті орта білімді алуға құқылы.

Елімізде 2008 жылдың 1 тамызынан бастап «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы дәстүрлі түрде өтіп келеді. Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан мектеп оқушыларына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мектепке дайындау және киім-кешке, аяқкиім, кеңсе тауарлары және тағы басқа қажетті заттарын түгендеп, олардың мектепке баруын қамтамасыз ету. Осы тұрғыда мемлекет жыл сайын мұқтаж ата-

аналарға барынша көмек көрсетіп жатыр. Жалпыға бірдей білім беру қоры шеңберінде әлеуметтік осал санаттағы балаларды түгел қамту үшін қазір мектептердің әлеуметтік педагогтері білім алушылардың жаңа жиынтығын ескере отырып, мұқтаж балалардың тізімін қалыптастыру бойынша жұмыс істеп жатыр. Егер отбасы аталған санаттарға жататын болса, онда балалардың ата-аналары мектепке барып, әлеуметтік санаты туралы құжаттарды ұсынуы керек.

Астана қаласы Білім басқармасының бас маманы Құттымұрат Шамшиевтің айтуынша, 2024-2025 оқу жылы елорданың барлығы 102 мемлекеттік орта білім беру ұйымында 214 371 оқушы білім алады деп жоспарланған.

– Бытыр «Жалпыны шартты орта біліммен қамту» бағдарламасы аясында 14 040 оқушы, «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында 8 000-нан аса оқушы көмекпен қамтылған болатын. Биыл аталған бағыттарда 14 500 және 8 500 оқушыға көмек көрсету жоспарланып отыр. Білім басқармасы «Жалпыны шартты орта біліммен қамту» бағдарламасы аясында аз қамтамасыз етілген отбасылар балаларына жан басына шаққанда күнкөрістің ең төменгі шегінен кем емес деңгейде (43 407 тенге) материалдық көмек көрсетеді. Бұл қаражат мектеп формасын, киім-кешегін алуға бағытталған. Мұндай көмектен тыс қалған отбасылар балаларына «Мектепке жол» акциясы аясында демеушілер қаражаты есебінен канцеляриялық тауарлар, мектеп сумкасын, оқу құралдарын алуға көмек көрсетіледі. Демеушілер көмегі елорданың 5



аудандық әкімдіктерінде, мектептерде ұсынылады. Оқу жылы барысында көмекке мұқтаж отбасыларға көмек демеушілер мен меценаттардың қаражаты есебінен қарастырылады, – деді басқарма өкілі.

Мұқтаж отбасыларды қолдау мақсатында қайырымдылық көмектен басқа, республикамыздың барлық дерлік аймақтарында 1 тамыздан 31 тамызға дейінгі аралықта «Мектепке жол» акциясы аясында дәстүрлі мектеп жәрмеңкесі ұйымдастырылады. Дәстүрлі жәрмеңкеде кеңсе тауарлары мен мектеп формасын қолайлы бағамен сатып алуға болады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндағы тауарлар базар бағасынан 10 пайызға төмен болады.

Қалтаға салмақ салмай, қажетті оқу құралдарын тиімді бағада сатып алу үшін қазірдің өзінде жәрмеңкеге ағылған халықтың қарасы қалып. Астанадағы арнайы белгіленген орындарда жәрмеңке қызып тұр. Мектеп жәрмеңкесіне барған қала тұрғыны Мұрат Бақыттың айтуынша, нарықтағы бағамен салыстырғанда айырмашылық бар.

– Мектепте үш балам оқиды. Бұған дейін анасы балаларыма сөмкелерін ертерек ала беремін деп біраз дүкендер мен базарларға барғанда бағаларын қарап жүрген болатын. Жәрмеңкеден мектеп сөмкелерін қолжетімді бағада табуға болады екен деп отыр. Қарапайым тұтынушы үшін баға қолжетімді, – деді ол.

Бала – бақыт, өмірдің жалғасы, еліміздің ертеңгі жарқын болашағы. Бала өзінің арман-қиялының жетегінде білім алуға талпынып, «тез ержетсем...» деген үмітпен әдемі әлемді аңсайды. Олардың күйбең тірліктен пәк, әдемі әлемін, мөлдір сезімдері мен алаңсыз сенімдерін лайлауға болмайды. Әрбір бала бақытты балалық шақ құшағында білім нәрімен сусындап, ақ парақтай аппақ жүректерін ғылым қуатына, ізгілік пен ар-ұятқа толтырып, еліне қызмет етуді үйренуі керек. Ұрпақтың күлкісі шат, ұйқысы тыныш, қарны тоқ, көйлегі көк, рухани әлемі толысқан, өз елінің толыққанды азаматы болуы үшін бар жақсылықты жасауға тиіспіз.

АУЫЛ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАДАМ

Назгүл НАЗАРБЕК

Семинарда партияның беделіне айналған, сайлаушылардың кең қолдауына ие болған «Ауыл аманаты», «Жер аманаты», «Қарызсыз қоғам» жобаларын іске асыруда ауыл әкімдері тарапынан жиі қойылатын сауалдар талқыланып, аталған бағдарламаларды нақтылы жүзеге асырудың тетіктері мен талаптары түсіндірілді.

«Ауыл аманаты» бағдарламасының шеңберінде ауыл тұрғындарының табысын арттыру және жаңа жұмыс орындарын құруда егін, мал, құс және балық шаруашылықтарының қызметін жолға қою, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің техникалық паркін жаңарту міндеттері бойынша Түркістан облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Әлібек Плалов ауыл әкімдері қойған сауалдарға жауап берді. «Жер аманаты» бойынша жайылым жерлерді ортақ игілікке қайтару мәселелері жөнінде Түркістан облысының Жер қатынастары басқармасының басшысы Ерғали Тілеген мағлұмат берді. «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында тұрғындардың қаржылық сауатын көтеруге арналған оқу курстарын өткізу мәселесіндегі түйткілді сауалдарға «Ұлы дала» қауымдастығының Түркістан облысы бойынша менторы, лектор Жандос Әзімбаев жауап берді. Талқыланған тақырыптың мәнін ашуда қаржылық сарапшылар әзірленген бейнеролик көрсетіліп, қоғамдағы өзекті мәселенің түпкі мәні ашылды.

Форум жұмысының ресми бөлігіне Түркістан облысы әкімінің орынбасары

«Адал азамат» ұғымының өзі елге, мемлекетке, отбасыға адалдықтан бастау алатыны сөзсіз. Түркістан облысының орталығы Түркістан қаласындағы оқушылар сарайында «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының ұйымдастыруымен өңірдегі ауылдық округ әкімдерінің алғашқы форумы өтті. Форумның ресми бөлігі басталғанға дейін жиынға қатысушы ауыл әкімдеріне партияның әкімдер корпусымен ынтымақтаса атқаратын жұмыс бағыттары бойынша семинар ұйымдастырылды.

нартуға, елдің тұтастығын бекемдейтін саяси үрдістердің барынша ашық болуына үлесін қосып жатқанын жеткізді. Осы орайда, Парламент Мәжілісінің Спикері, партия Төрағасы Ерлан Қошанов ауыл әкімдерінің сайлауы, ең алдымен, ауыл тұрғындарының мүддесін қорғауға бағытталғанын ерекше атап өткенін назарға алды.

«Экономикасы ауыл шаруашылығына бейімделген, тұрғындарының 80 пайыздан астамы ауылдарда тұратын Түркістан облысы үшін ауыл әкімдерінің сайлауы – шын мәнінде, ашық саяси бәсекелестікті білдіретін, қоғамның саяси белсенділігін арттыратын, ауыл-аймақтардағы қорда-



“

Облыс бойынша 181 ауылдық округ әкімдерінің 174-і сайлау нәтижесімен лауазымдарына тағайындалғанын атап өтті. Өңір көлемінде ауылдық аймақтарда іске асып жатқан жобалар жөнінде кеңінен тоқталды. Оның ішінде «Ауыл – ел бесігі» жобасымен 2023 жылы 166 елді мекенде 382 жобаны іске асыруға 31,3 млрд теңге бағытталғанын мәлімдеді.

кенінен тоқталды. Оның ішінде «Ауыл – ел бесігі» жобасымен 2023 жылы 166 елді мекенде 382 жобаны іске асыруға 31,3 млрд теңге бағытталғанын мәлімдеді. Осы жоба бойынша биылғы жылы 211 жобаны іске асыру жұмыстары қолға алынып, 28,1 млрд теңге бағытталғанын жеткізді. Сондай-ақ облыс әкімінің орынбасары «Жайлы мектеп» Ұлттық пилоттық жобасы мен «Ауыл аманаты» бағдарламасының орындалуы жөнінде кең көлемді ақпарат берді.

Ауыл әкімдеріне күн тәртібіндегі өзекті деген мәселелер бойынша әдістемелік көмек көрсетуді мақсат тұтқан жиын барысында, ауыл әкімдерінің корпусы мен облыстық деңгейдегі құқық органдары арасында өзара ықпалдастық байланыстарды орнату міндеті де көзделді. Партия ашып берген алаңда Түркістан облысындағы құқық органдарының басшылары өздері жетекшілік ететін салалар бойынша ауыл әкімдерімен бірлесе атқарылуы тиіс жұмыстарды баяндады, өзара ықпалдастықты арттырудың тиімді тетіктерін талқылады.

Маңызды практикалық мәні айшықталған жиында Түркістан облысы прокурорының орынбасары Саян Келдібеков хабарлама жасап, жергілікті атқарушы органдар тарапынан заңдылықтың сақталуы, азаматтар өтініштерін қарау, қоғамдағы өзекті мәселелерді оңтайлы шешуде заңда белгіленген тәртіпте қажетті шаралар қабылдау мәселелерінде назар аударылуы тиіс талаптарға тоқталды. Түркістан облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Құрманбек

Сахов қоғам тұрақтылығын сақтау мен қылмыстар мен құқықбұзушылықтардың алдын алуда ауыл әкімдерімен бірлесе атқарылуы тиіс жұмыстарды баяндады, полиция құрылымдарымен өзара байланыстарды арттырудың мүмкіндіктерін тізіп берді.

Ал ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Арынбаев пен ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің Түркістан облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Ерболат Балғабаев қоғамдық қатынастарда сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдерді төмендету, қоғамда осы келеңсіз көрініспен ымырасыз күрес жүргізу, нағыз құқықтық қоғам құру міндеттеріне тоқталды. Мемлекеттік сатып алу процедураларының ашықтығын қамтамасыз ету, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы бойынша мемлекеттік сатып алуға қатысушылар мен мемлекеттік орган басшыларының жауапкершілігін күшету мәселелері кеңінен баяндалды.

Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы Мейрамбек Көкенов салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша ауыл әкімдерімен бірлескен іс-қимыл жүргізу бағытында қабылданған шешімдер жөнінде баяндады.

Форум жұмысының соңында мәжілістің қорытынды құжаты қабылданып, партия мен ауыл әкімдерінің корпусы арасында өзара тиімді жұмыс жүргізуді жалғастыруда бірқатар міндеттер белгіленді. Жиынға қатысушы әкімдердің атынан сөз алған Отырар ауданы Балтақөл ауылдық округінің әкімі Сейтхан Ателов ауыл әкімдерінің жұмысына қажетті көптеген пайдалы ақпараттар алуға мүмкіндік берген көшбасшы партияға алғыс айтты.

Партиямен терең ықпалдастықта жұмыс жүргізіп, партия айқындаған құндылықтарды табысты іске асыруда белсенділігімен танылған 48 ауыл әкіміне Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы Нұралы Әбішев пен партияның өңірлік филиалының төрағасы, Түркістан облыстық мәслихатындағы партиялық фракцияның жетекшісі Алтынсары Үмбетәлиев Алғыс хаттар табыстап, жемісті еңбектеріне ризашылықтарын білдірді.

Түркістан облысы



Бейсенбай Тәжібаев, Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы Нұралы Әбішев, облыстағы құқық қорғау органдарының басшылық құрамы, аумақтық партия филиалдарының төрағалары мен атқарушы хатшылары, 172 ауылдық округ әкімдері, партияның жауапты қызметкерлері қатысты.

Форум мәжілісін «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, Түркістан облыстық мәслихатындағы партиялық фракцияның жетекшісі Алтынсары Үмбетәлиев ашып, жүргізді. Мемлекет басшысы «Әкімдер – биліктің әрбір елді мекендегі тікелей өкілі. Жұрт олардың қызметіне қарап, бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін бағалайды», – деп атап көрсеткенін айтқан партияның өңірлік филиалының төрағасы, «AMANAT» партиясы Мемлекет басшысының қоғамдық тірегі ретінде, Жаңа Қазақстанның саяси жүйесін жа-

ланған мәселелердің шешу жолдарын ұсынып, жергілікті сайлаушыларға таңдау еркін беретін, стратегиялық мәні айрықша қадам болды. Облыстың барлық аудан, қалаларында филиалдары бар партиямыз, атқарушы билік жауапкершілігінің жоғары болуын қамтуда және партияның басымдықтарын іске асыруда, ауыл әкімдерінің сайлауына өз кандидаттарын ұсынып, халықтың қолдауына ие болған бүгінгі таңдағы ең ықпалды саяси күш болып отыр», – деп атап көрсетті партияның өңірлік филиалының төрағасы.

Форумның ашылуында сөз алған Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев ауыл әкімдеріне тұрғындар тарапынан зор сенім артылғанын жеткізді. Облыс бойынша 181 ауылдық округ әкімдерінің 174-і сайлау нәтижесімен лауазымдарына тағайындалғанын атап өтті. Өңір көлемінде ауылдық аймақтарда іске асып жатқан жобалар жөнінде

Стартап адам өмірін жақсартатын жаңа технологиялар мен шешімдерді ойлап табу арқылы қоғамға жаңалық енгізеді. Құдды бизнестегі эволюцияның қозғаушы күші іспетті. Сондай-ақ мұндай компаниялар жаңа жұмыс орындарын құру арқылы экономиканың өсуіне ықпал етеді. Көптеген стартап бүкіл қоғамға пайда әкелетін маңызды әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешумен айналысады. Инвестиция тарту арқылы қаржы секторын дамытса, тұтынушылардың қажеттіліктеріне тез бейімделу арқылы бизнесте бәсекелестік орта қалыптастырады. Осындай артықшылықтарын ескере отырып, назарларыңызға қызықты бизнес идеялардың тиімді тұстары мен тәуекелдерін ұсынууды жөн санадық.



Кәмила ЕРКІН

Қазір ең жылдам өсіп келе жатқан нарықтың бірі – табиғи, экологиялық тұрғыда таза өнімдер мен қызметтер. Өткен ғасырдың 50-жылдарынан бастап осындай тенденция қарқын алған еді. Қазір бұл жай ғана заманауи үрдіс емес, табысты бизнеске айналып отыр. Мысалы, Grand View Research есебіне сәйкес, 2020 жылы экологиялық технологиялар мен қызметтер нарығы 10,32 триллион АҚШ долларын құрады және 2021 жылдан 2028 жылға дейін орташа жылдық өсу қарқынымен (CAGR) шамамен 5% өседі деп күтілуде. Бұл деректер тұрақты даму мен экологиялық таза технологияларға баса назар аудара отырып, бүкіл әлем

СӘТТІ СТАРТАП – ТАБЫСТЫ БИЗНЕС

Сондықтан табиғи таза өнімді тұтынушылар саны артып келеді.

«Сатып алуға дайын адам қанша көп болған сайын, бизнес те тез бейімделеді. Біз үшін ең маңызды нарық – бұл Қытай. Үлкен бай ел және орташа жалақы көлемі де бізден жоғары. Ал Қытайдың

«Тереңірек зерттей келе, нанотехнологияға сүйене отырып газдық разрядты шамдардың жаңа нұсқасын жасау туралы ой пайда болды. Қоғамда «Жарықдиодты шамдар тиімді, неге біз кейінге оралуымыз керек?» деген сұрақтар туындап жатады. Түсіндіріп өтсем, жарықдиодты шамдардың тиімді жұмыс істеуі үшін қымбат технологиялар қажет. Қазір дүкен сөрелерінде тұрған мұндай шамдардың көбісі арзан материалдардан дайындалған. Ал шын сапалысы қымбат тұрады. Біздің шамдар одан әлдеқайда арзан», – дейді ғалым.

Шағын өндіріс цехы негізінде жасалған мұндай жобалар ғылымға негізделген экономика концепциясының жүзеге асырылуының бастауы болмақ.

Тағы бір тартымды нарықтың бірі бұл – мобильді қосымшалар. Бұрын тұтынушы нарыққа өзі барса, қазір нарық тұтынушының алдына келді. Яғни, мобильді қосымшалар кәсіпкерлерге осындай жаңа мүмкіндіктер сыйлап отыр. Инновациялық технологиялар сәт санап өзгеріп жатқан уақытта Sensor Tower қолданбалар нарығын дамыту туралы Mobile Market Forecast есебін жариялады. Онда мобильді экономиканың 2025 жылға дейін қолданбалар мен ойындардың кірісі арта түсетіні жазылған. Мысалы, сол нарықтағы қазіргі алпауыт екі компания App Store және Google Play табысы 270 миллиард долларға дейін өспек. Бұл көрсеткіш 2020 жылы 111 миллиард болған еді.

Бүгінде Қазақстан да ақпараттық технологиялардың даму қарқынынан қалыс қалмай, аймақта ғана емес дүниежүзі бойынша қаржылық технологиялар саласында оқ бойы озық келеді. Одан бөлек, елімізде бағдарламалау мен заманауи қолданбалар жасап алыс-жақын шет мемлекеттердің нарығына шығып жатқан жас кәсіпкерлер де аз емес. Мысалы, осыдан алты жыл бұрын іске қосылған 1Fit қолданбасын инвесторлар бүгінде 41 млн АҚШ долларынан астам деп бағалап отыр. Тұтынушыларына әртүрлі фитнес жаттығуларына қатысуға мүмкіндік беретін бірыңғай абонемент қызметі салада төңкеріс жасады. Қазір осы концепция негізінде түрлі отандық жоба топ жарып

жүр. Соның бірі – балаларға арналған үйірмелердің барлық түрін бір қосымшада тоғыстырған Yaya App қосымшасы. Компания биыл жыл басынан бері жоба айналымы 1 млн АҚШ долларына жеткенін мәлімдеген болатын. Қосымша 2024 жылдың сәуірінде іске қосылған болатын. Бұған дейін жобаға құйылған қаржы сомасы – 200 мың АҚШ доллары көлемінде болды. Жақында стартап 500 Global in Eurasia акселерация бағдарламасынан өту арқылы аталмыш венчурлық қордан 100 мың АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартты.

Қаржылық кеңесші Нұржан Күлшебаевтың пікірінше, венчурлық әлемнің басты ережесі инвестициялаудың бастапқы кезеңінде қаражаттың 51 пайызын жобаның негізін қалаушы құюы қажет. Бұл жобаның сәтті аяққа тұруына оның да қаржылық қызығушылығы бар екенін дәлелдейді. Стартаперлер қаржыгер емес, бастапқыда белгілі бір дүниелерді білмеу кешірімді жағдай. Дегенмен маманның

айтуынша, енді ғана іске қосылған жобалар арасында техникалық қателер кетіп жатады. Мысалы, көп жағдайда стартап иелері салық, клиенттерді тарту шығынын, банк комиссияларын ескеру сияқты негізгі нәрселерді ұмыт қалдырады. Бірақ ең көп таралған жаңсақтықтың бірі – кірісті түсіммен шатастыру.

«Қазақстанда соңғы 2-3 жылда тәжірибелі инвесторлар ішкі нарықта қалуды көздеген жобаларға инвестиция салмайды. Тек Қазақстан секілді аз ғана нарықта жұмыс істей отырып, «дарамүйіздігі» айналу мүмкін емес», – дейді Н.Күлшебаев.

Мүмкін қазақстандық стартаптардың бизнес-модельдерінің жетістігінің сыры да осында болар. Өйткені ақпараттық технологияға негізделген CerebraAI, 1Fit, CodiPlay, EasyTap, Relog, Parqour, YAYA, Smartestprep, UvU, ApartX, STOgram секілді жобалар – қазір шет нарықтарда өз тұтынушыларын тауып үлгерген сәтті жобалардың бірі.

Қазақстанның финтех және инновациялық технологиялар қауымдастығының мәліметтері бойынша, 2024 жылдың алғашқы алты айында елде 357 жаңа стартап тіркелген, бұл былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 28%-ға артық. Қауымдастық өкілдері мұның алғышарты инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының елеулі үлесі деп есептейді. Биыл бұл бағдарламаның қаржыландыру көлемі 120 млрд теңге (шамамен 280 млн АҚШ доллары) болған. Бұл сегіз жаңа акселератор мен үш венчурлік қор құруға мүмкіндік беріп отыр. Қазіргі күнде Алматы қаласы – стартаптардың ең ірі орталығы. Мұнда еліміздің барлық технологиялық жобаларының 60%-дан астамы шоғырланған. Қазақстандық стартаптардың тартымдылығы артып келе жатқанын статистика да растайды. Мысалы, Kpitb (Kazakhstan Project Innovation Technology Bureau) мәліметтері бойынша, 2023 жылы жергілікті стартаптарға инвестиция көлемі 78 млн долларды құраса, биыл бірінші тоқсанда бұл көрсеткіш 35 млн долларға жеткен.



бойынша салаға айтарлықтай назар мен инвестиция құйылатынын көрсетеді. Нарықта әртүрлі санаттарды қамтитын көптеген экоөнім бар. Атап айтқанда, органикалық азық-түлік тауарларынан бастап, экологиялық таза жуғыш заттар, энергия үнемдейтін шамдар, қайта өңделген өнімдер, табиғи косметика салалары да қарқынды дамуда. Еліміз де бұл тенденциядан тыс қалған жоқ. Мысалы, алматылық жас кәсіпкер Айбек Рақым Ecosen қалдықтарды жинау және қайта өңдеу компаниясының негізін қалады. Ол оқушы күнінен бастап қалдықтарды сұрыптау тақырыбына қызығушылық танытқан. 2014 жылы жас кәсіпкер Tazalyk мобильді қосымшасын әзірлеп, өз идеясын жүзеге асыруға ұмтылды. Қосымша арқылы қайта өңдеуге арналған шикізат қабылдау пункттері жайлы ақпарат алуға болады. Қазір сауда орталықтарында компанияның бос бөтелкелерді жинайтын фандоматтары қойылған.

Сарапшылар Eсо немесе Bio белгісі бар азық-түлік өнімдеріне алыс-жақын шет мемлекеттерде сұраныс басым екенін айтуда. Мысалы, қаржыгер Расул Рысмамбетовтің пікірінше, қазір азаматтардың тамақтану әдеттері өзгерген.

шығыс бөлігі даму деңгейі бойынша, егер артық болмаса, АҚШ немесе Еуропадан кем емес. Олардың нарықтық минимумы өте жоғары. Қазақстан қазір бұл елге био және эко азық-түлік өнімдерін, сапалы астық, ГМА мен химиялық қоспасыз дайындалған құнбағыс майын экспорттайды. Одан бөлек, отандық өнімдерінің де әлеуеті өте жоғары», – дейді сарапшы.

Нарықта салмағы басым стартаптар арасында ғылыми технологиялар да бар. Соның бірі – отандық ғалымдар ұсынып отырған энергия үнемдейтін инновациялық шам үлгілері. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертханасының ғалымы Сағи Оразбаевтың айтуынша, нанотехнология негізінде жасалған бұл шамдар өте тиімді. Нарықтағы өзге де нұсқаларымен салыстырғанда арзан әрі жарық интенситілігі жоғары болғандықтан энергияны бірнеше есе үнемдейді. Ғалымдар зертханада газдық разряд плазмасының түрлі физикалық қасиеттерін зерттеу кезінде құрамына микро, нанобөлшектер енгізе отырып, олардың жарық беруі бірнеше есе артатынын байқайды.

ВЕРТЕР СИНДРОМЫ

Сәтсіз махаббат хикаясынан кейін атакты Гете өзіне қол жұмсамақ болыпты. «Осы бір жаман ой мен көңілсіздіктен құтылып, өмір сүрейін деп шештім. Бірақ тыныш өмір сүру үшін, өмірімдегі сол маңызды кезеңде тартқан азабым, шеккен қайғы-мұңым, сезімім, арманым тоғысқан шығарма жазуым керек болды» депті. Ол өзі-өзіне қол жұмсауды шынайы өмірде емес, әдебиетте жасайды. Яғни, катаристің басынан кешкен. Осылай «Жас Вертердің азабы» туды. Романда Вертердің өз-өзіне қол жұмсағаны туралы жазады. Бұл роман Гетеге танымалдылық әкелумен қатар, Еуропада суицидтің кең жайылуына да әкеп соғады. Өмірден түнілген жандар мен өлімді романтикаға балағандар үшін бұл қалыпты құбылыс болып саналды. Арада екі ғасыр өткен соң америкалық социолог Дэвид Филлипс әріптесі Карстенсенмен бірге бұл синдромды зерттеу барысында туынды шыққаннан кейін 7 жылда БАҚ беттерінен суицид туралы жаңалықтардан кейін 12 585 адам өзіне қол салғанын анықтайды. Ақыры әлеуметтану ғылымында «Вертер синдромы» деген ұғым, термин пайда болады. Бұл синдром бойынша, бір рет жасалған жауыздық ақпарат құралдарынан кенінен айтылып, жазылып, көрсетіле берген сайын кәніпезер әрекет домино әдісімен елдің әр киырынан қылаң беріп, ұласпалыға айналады. Феномен күштілігі болғаны соншалық, кейбір елдердің үкіметі бұл кітапқа тыйым салған екен. Тағы бір мысал, Теодор Драйзердің «Америкалық трагедиясында» кедей жігіт жүкті болып қалған кедей қыздан құтыла алмай жүреді. Өйткені ол сол аралықта байдың қызымен көңіл қосып алған. Байдың қызына үйленсем ғана бақытты боламын, әйтпесе мынадай жоқшылықтан құтыла алмаймын деп ойлайды. Бір күні газетті парактап отырып бір оқиғаны оқиды. Біреу көл бетінде қайықпен серуендеп жүріп, әйелін суға лақтырып жіберген екен. Жігіттің ойы бұзылады. Сол сценарийді бұл да қайталайды да, әлгі кедей қыздан құтылады. Бірақ көп ұзамай тұтылады. Америкалық трагедияның болған-біткен сюжеті осы. Яғни, бір газеттен оқыған ақпарат өзінің әсерін тағы бір кейіпкерге берді деген сөз. Психолог-зерттеушілердің айтуынша, газеттердің бірінші беттерінде танымал адамдардың өз-өзіне қол жұмсаған оқиғалары туралы жазылатын болса, біраз уақыттан соң осыны кең жариялаған географиялық аудандарда өз-өзіне қол жұмсау жағдайлары ұлғаятынына көз жеткізді. 70-жылдары осыны зерттеген Филлипс, психологиялық ауытқулары бар адамдардың суицид жағдайлары жайында оқығаннан соң, еліктеу негізінде өзіне қол жұмсайтынын айтады. Яғни, бұл – кейбір қиын жағдайлар кезінде, адамның басқалардың іс-әрекетіне сүйенеді деген әлеуметтік дәлелдің бір мысалы. Мәселен, батыста атакты актриса Мерилин Монроның қайғылы өлімінен кейін де суицид фактілері жиілеген екен. Ал түрік әншісі Мурат Кекиллиннің «Бүгін кешке өлемін» атты әнінен кейін де көп жас суицидке барғаны жиі жазылды. Тағы бір мысал, 1933 жылы венгер композиторы, пианист Реже Шереш бір ән жазып шығады. Кейінірек әннің сөзіне журналист Ласло Явор кішкене өзгеріс енгізеді. Бұл әннің сөзінде ғашығы өмірден өткен жігіттің дүниеден баз кешіп, сүйгенінің соңына кетуге деген құштарлығы баяндалады. Лирикалық, қайғылы ән ел ішінде тез тарап кеткені сол еді, Еуропада өз-өзіне қол жұмсаушылардың саныда күрт көбейеді. Әлеуметтанушылардың айтуынша, ақпарат құралдары суицидті жаппай жұртшылықтың қаперіне сала беріп, есіне түсіре берсе, бұл өзіне қол салу әрекеттерін одан сайын маздатып, өршітіп, ушықтырып алу қаупі жоғары. Өйткені өмірімен қош айтысуға оқталып жүрген адам теледидардан өзі сияқты суицид жасаған бейбақтарды көргенде өзін-өзі ақтай бастайды. Яғни, «мен ғана емес екем, мен сияқты өмірмен қоштасқысы келетін адам көп екен ғой» деген сияқты кереғар оймен өзін жұбата бастайды.



АҚПАРАТТЫҢ КЕСЕЛІ – «ВЕРТЕР ӘСЕРІ»

Қазақ әуелден жағымсыз жағдаяттарға үрке қарап, ол туралы айтпауға тырысып баққан. Тіпті, қауіп төндіретін заттардың да атын атамай, орнына басқа сөз қолданған. Мысалы, қасқырды «ит-құс», жыланды «түймебас» деп атаса, соқыршек ауруын емдеу мүмкіндігі болмаған соң «көктүйнек» атаған. Ол түгіл жеңіл-желпі аурулардың атын атасак, қағынып кетеді деп түсінген. Мысалы, көзге теріскен шықса, оны «керіскен» деп айтқан. Тіпті, қару-жарақтың атын тергейтін болған. Мұның артында да үлкен мән бар ау...

Наурызбек САРША

ҚАУІП ҚАЙДАН?

Қазір көп ел бұл мәселеге аса сақтықпен қарауда. Әсіресе, журналистердің Вертер эффектісін үдетпейін қатты қадағалайды. Неміс ғалымы Михаэль Йеттер адамның өмір мен өлім мәселесі журналистерге тікелей қатысты деп есептейді. Батыс Аустралиядағы Перте университетінде қызмет атқаратын ғалым ұзақ жылдар бойы БАҚ пен терроризмнің байланысын зерттеген. Өз еңбектерінде ол 1970 пен 2012 жылдар аралығында 200-ден астам елде болған 60-тан астам теракт оқиғаларын зерттей келе, «терроризм туралы ақпараттар газет, журналдарда неғұрлым көп жазылып, экраннан жиі көрсетілген сайын бұл құбылыс қайталану береді» деп қорытындылайды. Зерттеушінің сөзіне қарағанда мақаладағы теракт туралы аз ғана ақпарат немесе террорист және оның құрбандары туралы ашық көрсетілген сюжеттен кейін осындай оқиға кейінгі апталарда 1,4 есе қайталанған. «Біз бұл ақпараттарды азырақ таратсақ теракт оқиғалары да азая түседі» дейді Йеттер. Әсіресе бейне, фотолар бұл синдромның өршуіне басты себеп дейді ол. Журналист Бастиан Бербнер террористер адамдардың өздеріне назар аударғанын, соларды талқылап, сөз еткенін қатты қалайды дейді. Мамандардың зерттеуінше, суицид тақырыбында жазылған мақала немесе сюжетте суицидтің себебі, орны, оның қандай құралмен жасалғандығы секілді детальдар нақты жазылса, бұл синдромды одан әрі үдету түседі деп есептейді. Осыдан бірнеше жыл бұрын журналист, мәдениеттанушы Әсия Бағдәулетқызы facebook парақшасында Sage Journals-тағы зерттеуге сүйеніп, әріптестеріне суицид тақырыбын дұрыс жазудың қарапайым қағидаларымен бөліседі. «Бюрода жүргенде басшылықтың тапсырмасымен Ұлыбритания Денсаулық министрлігінің Суицидтің алдын алу бөлімімен, Samaritans сияқты ірі қайырымдылық ұйымдармен байланыста болдым. Психикалық саулық пен

шеді?» деген сұраққа толық және жан-жақты жауап бермейді. Суицидтік мінез-құлық алдындағы факторлар туралы жарияланған деректерде олар 15,6% жағдайда ғана көрсетілген. Қалған 84,4%-ы «басқа» немесе «белгіленбеген» айдарымен қалдырылған. Тізімде көрсетілмеген және дамыған елдердегі өз-өзіне қол жұмсаудың жиі кездесетін себептері – депрессия немесе психикалық ауру (ДДҰ деректері). Егер стресс факторлары белгілі болған 15,6% жағдайда ғана статистиканы қарастыратын болсақ, онда олардың арасында бірінші орынға жалғыздық мәселесін қоюға болады. Былтыр осыған дейінгі психологиялық проблемаларды тұжырымдау арқылы суицидтен 230 қайтыс болды. Айтпақшы, 2021 жылмен салыстырғанда мұндай жағдайлардың саны 98-ге артқан. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымының статистикасына сәйкес, былтыр яғни 2023 жылы суицид

суицидтің алдын алу мәселесін біраз зерделедім дей аламын. Сондықтан әріптестерімді қарапайым қағидаларды сақтауға шақырамын: Суицидтің сезімталдығына айналдыруға болмайды. Яғни, тақырыпқа «өзіне қол жұмсады», «асылып қалды» сияқты сөздерді шығару (әсіресе, «асылып қалды» туралы сөз кейін) қауіпті. Сіздің аудиторияңыз тек төрт құбыласы түгел адамдардан тұрмайды ғой. Жазбаңыз/сюжетіңіз алдынан шыққанда әркім әртүрлі психологиялық күйде болуы мүмкін. Ал мұндай айқайлап тұратын тақырыптар жай-күйі мез емес адам үшін триггер болуы ықтимал. Суицидті дәріптеу, әспеттеу – мұны саналы (өзгелерге қарағанда терең, білімді, тағы басқа) адамның таңдауы ретінде аң ұрып жазу, әсершіл я психологиялық, тағы басқа қысымдағы адам үшін триггер болуы мүмкін. «Қайда? Қандай жолмен?» деген сұрақтарға жауап беру. Фактіге сүйенгіш болсаңыз, басқа тақырыпта болыңыз. Ал суицид туралы «пәленше көпірден секірді, түгенше жерде түгенше бауға/жіпке асылды» сияқты хабарлау қауіпті. Ал «соңғы сөзі» деп қандай да хабарламасын жариялау өте қауіпті», – дейді ол.

ЕЛІМІЗДЕГІ АХУАЛҒА АЛАНДАУҒА НЕГІЗ БАР МА?

Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметінше, 2022 жылы аяқталған суицидтен қайтыс болғандар саны 4 мыңнан 3,7 мыңға дейін азайды. Егер бұл көрсеткішті соңғы бесжылдықпен салыстырсақ, орташа деңгейде. Ал 7% азаю динамикасы 2021 жылы суицидтің көбеюімен байланысты. 2023 жылдың қантар-ақпан айларында 526 қазақстандық өз еркімен өмірімен қоштасса, бұл 2022 жылдағы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 5% аз. БП ҚСАЕК ресми деректері «Нәліктен суицид жасаушылар мұндай қадамға баруды ше-

жағдайы бойынша Қазақстан әлем бойынша 19-орынға жеткен. Соның ішінде жасөспірімдер арасында 155 суицид жағдайы тіркелген. Бас прокуратураның Құқықтық статистикасы және арнайы есепке алу комитетінің дерегіне сай, Қазақстандағы өңірлер бойынша суицидтік жағдай Жамбыл облысы үштен он үшке дейін, Алматыда он екіден он алтыға дейін, Қостанайда алтыдан он сегізге дейін, Атырау облысында сегізден он төртке дейін өзіне-өзі қол жұмсау дерегі анықталған.

Өзіне-өзі қол жұмсауға алып келетін жағдайдың бірі – күйзеліс, депрессия десек, депрессияның таралуы бойынша биыл Қазақстан 180 елдің арасында 93-орында екен. Countrycassette халықаралық тәуелсіз интернет журналының мәліметінше, депрессиялық аурумен ауыратын қазақстандықтардың үлесі – 4,4%. Есепке сүйенсек, біздің елде депрессияға бейім азаматтардың саны 732,7 мың адамға жетеді. Айта кетейік, депрессияға ұшыраған қазақстандықтардың жоғарыда аталған саны – 732,7 мың адам – болжамды көрсеткіш. Нақты сан тек дәрігерлерге қаралып, психиатриялық диагноз қойылған азаматтарға ғана берілуі мүмкін. Депрессия ең көп тараған елдердің бестігінде осы психикалық бұзылыстың белгілері бар халықтың үлесі 6,3%-ды құрайтын Украина алда. Одан кейін АҚШ, Аустралия және Эстония тұр, оларда бұл көрсеткіш 5,9%. Қазақстанға жақын елдердің ішінде халықтың 5,5%-ы депрессиялық бұзылулардан зардап шегетін Ресейде ғана жағдай нашар. Өзбекстанда, Қырғызстанда және Тәжікстанда психикалық денсаулықтың бұл көрсеткіші төмен: 4,2%-дан 3,8%-ға дейін. Демек, аса байбалам салатын жағдай емес тәрізді.

Түйін:

Вертер әсерін еліміздегі ақпарат көздерінен жиі байқауға болады. Мысалы, осыдан бірнеше жыл бұрын нәрестелердің ойдан-қырдан, коқыс арасы, әжетханадан көп табылуына қатысты ақпараттар жиілеп кеткен еді. Сол ақпараттардан іле-шала дәл осыған ұқсас жағдайлар еліміздің әр өңірінде саньрауқұлақша қаптады. Әйелдердің зорлық-зомбылығы жайлы деректердің әсері де осыған ұқсас. Әлеуметтік желіде қыз-келіншектерді ұрған-соққан видеолар көрілімі жағынан өзге контенттерді басып озды. Бұл да бір Вертер әсерінің негізі болса керек. Себебі «рейтинг, қаралым, оқылым, тренд» деп айкайка сүрең қосқан бұқаралық ақпарат жаңалықтың пайда-зиянын көңіл сүзгісіне салып, салмақтамады да. Мысалы, сексенінші жылдары Аустрияда метрода суицид көбейді. Сонда бұл келеңсіздік ақпарат құралдарының басты тақырыбына айналады. 1987 жылы Вена дағдарыс орталығы және Вена метросы ақпарат құралдарына бұл тақырыпқа шектеу қоюға, яғни «теміржолдағы өлім» тақырыбында жазбауға, ең болмаса «сенсація» жасамаулары туралы үндеу тастағаны сол екен, көбісі құп алған екен. Нәтижесінде, 1 айдың ішінде суицид 3 есе азайған. Шыңғыс Айтматовтың: «Адамның миы не болса соны сініріп ала береді, ол «жақпайтын тамақты құсып тастай салатын» асқазан емес» деген сөзі бүгінгі «жегені жантақ, арқалағаны алтын» журналистерге ұстаным болуы қажет пе екен, әлде?!

Отыз жылдан аса ұлттық ою-өрнекті дамытумен айналысып келе жатқан оюшы Шәптібай Байділдиннің басты мақсаты – мүмкіндігінше ұлттық нақыштағы ою-өрнекті зерттей отырып, нәзік те күрделі өнердің сырын ашу, жасалу жолдары мен оны тұрмыста пайдалану реттерін өнерпаз жастарға ұсыну.



– Шәптібай мырза, жалпы ою-өрнектің қазақ дүниетанымында алар орны жайлы айтсаңыз?

– Қазақ дүниетанымында, қазақ тұрмысында оюдың араласпайтын жері жоқ. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі аралықтағы қазақ әлемін түгел ою-өрнек қамтиды. Мысалы, баланың бесігіне сырттан келген бөгде адамның көзі тимесін, оюға түссін деген ниетпен ою салады. Екіншіден, бесікке үкінің тырнағы, жүні қадалады. Көшпенді халық бір жерден екінші жерге көшкенде тақыр жерге қонбай, көк шалғынға қонған. Сонда үкінің жүні, тырнағы тұрған жерге не жылан, не бүйі сияқты қарақұрттар жоламайды. Бұларды осы үшін бесікке қадаған.

Ал киіз үйдің есігінің сыртында түсіп тұратын қаптама болады. Бұрын күннен көлегейлеп, астына бақан қойып, іліп қойған. Сол маңдайшаға бекітілген киізден жасалған есіктің қабы шиден тоқылады, сыртына өрнек салынады. Киіз үйдің есігі екеу, ортасындағысын «жарма сықырлауық» дейді. Сықырлауықтың ортасынан төменгі жағы бітеу, жоғары жағы ашық болады. Сол жоғарғы жағына ағаштан өрнектеп тұрып мәнерлер салады. Бүгінде Қытайдың шеберлері киіз үйдің керегесіне де белдеулеп ою салып жатыр. Уықтың басынан орта деңгейіне дейін біркелкі етіп ою салуда. Мен бұларды артық деп ойламаймын. Бірақ қазақы дәстүрде керегеге ою түспейді, уықтың екі қарыс төменгі имесіне «қобы» деген 3-4 қатар ойық ою түседі. Оның арнайы құралы болады. Шаңырақтың жиегіне ою түседі. Киіз үйдің төбесіндегі түндікке түспейді, өйткені түтін шығады. Тұрмыстық заттарға да салынатын оюдың түрі бар. Ағашты ояды, темірді шеберлер нүктелеп салады. Ал матаға тоқиды, шілтерілейді. Сондықтан оның ауқымы өте кең.

Менің түсінігімдегі ою-өрнек – дәлдік, есеп, теңдік, үйлесім, жарасым, көркемдік, парасаттылық, жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылдылық, зеректік, көңіл күйдің жақсылығы, арайлы кезең, жарқын шақ. Ол ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке баулиды, өнерге деген махаббат, сұлулыққа деген ғашықтық, құштарлық синағы. Ою ойған адамның жүрегі жылы, нәзік болады.

– Ою-өрнектің өз атаулары барын білеміз. Сол атауларына, олардың мағынасына, қай оюды қайда қолдану керегіне тоқталып өтіңізші. Мәселен, киімдерге не болмаса текемет, алашаларға...

– Біріншіден, ою-өрнектің әрине, өз атаулары бар. Бас киімге, балаққа, киім-кешекке салатын ою бір бөлек, текемет, алашаларға түсетін ою түрлері бір бөлек. Оған қоса, осы оюларды сылау технологиясы да ерекше. Қазақтар киімге түсетін оюларды негізінен оймайды, қазір ойып жүргендері дұрыс емес. Басқа, балаққа салатын ою екенін түсінбей, барлығын қосқостан киімге жабыстыра береді. Бұрын жабыстыру деген болмаған, орнына жіңішке, алтын, жібек жіптермен қанша күн отырып шілтерілеп тоқыған. Біріншіден, осылай тоқылған ою азбайды. Батыс Қазақстандағы Жәңгір хан мен әйелі Фатиманың сол замандағы, қазір 200 жыл бұрынғы киімдерін кілең көрмеге әкелініп жүр ғой. Сонда алтын жіптермен тоқылған киімдер бар. Міржақыптың әйелінің киімі де көрме-

де тұр. Олардың киімінде көбіне жапырақ-тектес оюлар қолданылған. Оның мәртебесі де жоғары болған. Ал қазір көзге әдемі көрінген оюды алады да, ер жігіттің де, әйелдің де киіміне тіге береді.

Кілем мен алашаға түсетін оюдың бәрі тоқылады. Ал текеметке жүнді пісіріп, бетіне әртүрлі бояумен ою жасайды. Қазақ топырағында 220-дай ғана оюдың атаулары бар, бірақ ол атаулар бүгінгі жастардың көңіліне, қоғамның ықыласына сай келмейді. Өйткені бұрын қазақ халқы түйетабан, ботатірсек, итқұйрық, иттабан, құмырскабел, қарғатұяқ деп қоя берген. Әрбір күрделі оюдың өсімдік тамыры іспеттес түбі, түбірі, діңі, тамыры болады. Бұл – менің өз ұғымым. Түбінен бастап, өрбіп жайылып, ереқшеленеді, бір-бірімен аста-сады, сәнді шеңбер жасай отырып «табақ» тектес күрделі ою құрайды. «Табақ» ою түрі – жиегіне су жүргізіп ішіне алуан түрлі ою салу. «Табақ» өрнегі мал-мүлік, бөлек үй, от болған ошақ, орданың белгісі деп есептелінген. Ұсынылған ою түрлерінде осы түр басым орын алады. Пайдалану ауқымы да кең. Кейбір оюлар бүгін жаңа жарып келе жатқан гүлге ұқсайды. Қазақ халқының тұрмысындағы көп қолданылатын оюдың атасы «қошқармүйіз» өрнектері сан алуан. Өте ұсақ түрлері зергерлік, кестелік, сүйек, мүйіз сияқты нәзік істерде қолданылса, ірі түрлері сырмақ, кілем, текемет, түскиіз, алаша, сәулет өнеріне, тұрмыстық заттарға кең қолданылады.

– Қазақ қоғамының ежелден көп қолданған өрнектері қандай? Оларды ажыратып айтуға бола ма?

– Қазақ қоғамында ежелден қолданып келе жатқан ою – «қошқармүйіз». «Қошқармүйіз» ою-өрнегі – байлық пен молшылықтың нышаны. «Қошқармүйіз» бен «Арқармүйіз» оюларының қазақ қолөнерінде қолданбайтын жері жоқ. Қошқармүйіз оюмен қатар әр заттың көлемі, сәнділік пайдалану деңгейіне қарай әр алуан жапырақ тектес бітпес оюлар салынады. Бұл өрнектер «иірім», «шиыршық», «иық», «үшкіл», «түйе табан», «қос ирек», «қазтабан», «құсмұрын», «сынар өкше», «айшық гүл», «жұлдыз гүл» т.б. аттармен аталады. Қазақ оюының тарихын мың жылдың арғы бергі жағы деп айтып жүретін едік. Жалпы, біздің дәстүріміздегі ең әсем, ең сұлу әрі ең күрделі өнер – ою ойып жасау. Осыларды зерттеуші ағаларымыз Ә.Марғұлан, Т.Бәсенов, С.Қасиманов, кейіннен Ө.Жәнібеков ою-өрнектерді біраз зерттеп, көп-

теген пікірлерін қалдырған. Аталмыш өнер кезеңіне академик Әлкей Марғұлан «Андабы мәнер» деп ат берген. Есік обасынан, Шығыс Қазақстаннан қазылып алынған «Алтын адам» киімі – осы андабы мәнерінде жасалған өрнек. Міне, қазақ халқының ою-өрнек өнері, осылайша түркі жосығымен, ол жосық ежелгі сактар өнері зергерлік әшекейлермен тікелей сабақтасып отырады. Зерттеушілердің еңбектерінен бөлек, 2017 жылы Моңғолия жерінде 5 мың жыл бұрын салынған 250-ге жуық ағашқа ойылған қазақ оюы табылыпты. Сол жерде болған журналист табылған ою мен менің жинақтарымдағы ою бір-бірімен дәлме-дәл ұқсайтынын айтты. Ғылым дамыған заман деген сайын, қазақ тарихы да шегініп бара жатыр. Қаншама жыл тағы да терендей түстік. Соның өзінде ең негізгі ою деп қошқармүйізді атаймыз. Жалпы, ою деген симметрия беруі керек. Атап айтсақ, Қытайдағы, Испаниядағы мұсылман мешіттерінде осындай ою түрлері тұр. Көршілес Өзбекстаннан, Үндістаннан жапырақтектес оюлар келіп жатыр.

Негізі, қазақ оюды қиялдан емес, табиғаттан, күнделікті тұрмыстан алған. Ою-өрнектің атасы деп қазақтарды атасақ, оның басында қошқармүйіз тұр. Үш қошқарды қатар қаратып қойғанда мүйізі иіріліп тұрған кескінінен қошқармүйіз оюы шығады. Ертеде өткен батырларымыз айшықты туға бөрінің басын салып, оюмен көмкерген. Бөрідей батыл болуды ұстанған. Батырларда мол әшекейлі дулыға киген. Оны темірмен шынжыр тормен қаптаған. Бұларды «жыға» деп атаған. Дулығаның ішінен құндыз не ботаның пұшпақ терісінен істелген іштік бөрік киген. Оны «қырпу» дейді. «Қырпуын тауып ұр» дегенде найза не қылыш даритын жұмсақ жерін тауып «ұр» деген мағынада айтылған. Абылай Шарышты осы әдіспен өлтірген.

– Қыздардың немесе ер адамдардың киіміне басылатын ою-өрнек бір-біріне ұқсаймайды делініз. Ал енді осы төсеніштерімізге не жұқаяқ, түскиізге басылатын оюларда өзгешелік бар ма?

– Әрине, өзгешелік бар. Біріншіден, қыз балалардың киіміне түсетін өрнектердің барлығы не тігін машинасымен, не шілтерімен кестелеп тоқылып түседі. Ол жалпақ болмауы керек, жіңішке, нәзік, әртүрлі жіптен қосылған сәнді болуы керек. Бір жағынан, тек қыздың киіміне тігіледі екен деп киімнің әр бөлігіне сала берген де дұрыс емес, ондайда ою өзінің құнын, сәнін, тіп-

ті ұлттық мәнін де жойып кетеді. Екіншіден, жаңа айттым, ер адамның киіміне ою көп салынбайды. Сонау ежелгі замандардан бізге жеткен қазақ қоғамындағы байлардың шапанының артында әйдік-әйдік, өсімдік тектес оюлар болған. Қазіргі жиындарда сыйға тартылатын шапандар әлдеқайда өзгерген. Шапанның жең мен жағасында ноқат болады. Ноқат дегеніміз – 1,5-2 см-дай жалпақ сары лента. Ғасырдан-ғасырға дамыған ою-өрнек тілімен шеберлер ойында, көңіл күйін де, уақыт жағдайларын да жеткізе білген. Жасалған ою-өрнектерге түгелдей ат беру мүмкін емес. Жасаған ою-өрнегінің қандай ою түріне ұқсайтынын, қандай ат лайық екендігін және ою-өрнекті қай затқа қалай пайдалану керегін сол оюшы шеберден артық ешкім білмейді, әр оюшы өз талғамы, өз көзқарасымен дәлелдейді. Уақыт өте шебердің ой-өріс кендігіне сай ою түрлері мен атауларының өзгеруі заңдылық. Бұл – жаңа талғам талабы. Ал өрнектер ою заңына бағына бермейді, еркін

ОЮМЕН ОЙЫН ЖЕТКІЗГЕН



жүйемен жасалады, симметрия, тепе-теңдік сақтамайды.

– Қазір ою-өрнекті келсін-келмесін шұбарлап баса беру, оларды онды-солды пайдалану көбейіп кетті. Бұған не айтасыз? Ою-өрнектің өз орнын халық арасында қайта қалыптастырудың амалы бар ма? Әр оюдың орнын бұрынғы халық түсінгеніндей қазір не істей аламыз?

– Қазақстанда ортақ шеберлер мектебін ашып, бәріміз бас қосып бір-бірімізге үйретейік деп талай рет жаздым. Бірақ қазіргі қоғам осы мәселені керек етіп жатқаны шамалы. Оқушыларға, студент жастарға қолөнер сабағына пайдалануға шағын журналдар шығарылса, қолөнер түрлері мектепте пән ретінде өтсе, жастардың келешекте іскерлігіне ұлттық мәдениетті сүюіне ықпал жасары анық. Оқушыларға ұлттық нақыштағы киім үлгілері ұсынылса, оқу құралдарының безендірілуіне ою-өрнек кең көлемде ұсынылса, шеберлер даярлайтын арнаулы оқу орындары ашылса, ұлттық қолөнер дамыған болар еді. Сол арқылы жастарға жұмыс, өнерге қамқорлық, тұтынушыға өнер туындылары ұсынылар еді. Оюларды уақыт талабына сай сұрыптай отырып, ұлттық негізде қазақ халқының өнер туындысы деп бағалауға тұрарлық, шетелдерге ұлттық мақтаныш, ұлттық мұра белгісі ретінде ұсына алатын, бүгінде шығарылып жатқан мән-мағынасы, мазмұны, сапасы жоқ бұйымдармен бәсекеге түсетін ұлттық тұрмыстық өнім ретінде оюлаған қазақы кілем, сырмақ, түскиіз, үй жиһаздары, үстел, орындықтар, ұлттық өрнекпен безендірілген салтанат сарайларын, неке сарайларын, мұражайларды, жастар сарайын, мектепті, балалар бақшасын, демалыс орындарын неге салмасқа? Кез келген мәдени орында ұлттық нақыштағы ою-өрнек сәндік безендірулер болса, көрермен көзіне жылылық ұялатып, өнерге деген құлшынысын ашары анық.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Әлемде адамдардың әрі-бері жүріп-тұруы мен қозғалуына ең қолайлы тораптың бірі – теміржол. Шойын жол алғаш пайда болған күннен бастап-ақ бір сәтке де өзінің өзектілігін жойған емес. Ал осы салада еңбек ететін азаматтардың жұмысы оңай емес. Кейде еңбек еленеді, кейде жоқ.



Бердібек ҚАБАЙ

Теміржол демекші, биыл Қазақстан темір жолына 120 жыл толып отыр. Елімізде тамыздың алғашқы жексенбісі Келік қызметкерлері күні деп белгіленген. Бұл – біздегі жүз мыңдаған теміржолшының да төл мерекесі. Бұл – уақытпен санаспай еңбек етіп, тәуліктің кез келген мезгілінде жұмыс орнынан табылатын теміржолшы деген жанкешті халықтың ерен еңбегі еленіп, лайықты бағасын алатын күн.

Теміржол саласының өзі ел экономикасының күретауырына айналды. Еліміз бойынша жүк айналымының 68 пайыздан астамы, ал жолаушылар тасымалының 60 пайызға жуығы осы теміржолдың үлесінде болып тұр.

АЛҒАШҚЫ ШОЙЫН ЖОЛ

Алғашқы теміржол Ежелгі Грекиядағы Коринф деген қалада пайда болған деген дерек бар. Мұндағы жолдың ұзындығын ғалымдар 6 шақырым ұзақтыққа созылған деп болжайды. Бір қызығы, бұл жол темірден емес, қатты ақ тастан қашалған екен. Түрлі жүкті тасымалдау үшін үстіне ағаштан вагондар қойылған. Ауыр әрі жылжуы өте

тынады. Бұдан кейін бу локомотиві XIX ғасырдың 30-жылдары Аустрияда, Германияда, Бельгияда және Францияда пайда болды. 1830 жылда АҚШ-та, 1837 жылда Ресейде теміржол желілері ашылады.

Қазақстан жеріндегі тұңғыш теміржол магистралі 1894 жылдың 25 қазанында Покров слободасы (бүгінде РФ Саратов облысындағы Энгельс қаласы) – Орал тартабанды теміржол желісінің құрылысы аяқталғаннан кейін ашылды. Осы жолдың 130 шақырымы қазіргі Қазақстан жері арқылы өткен. Арада 4 жыл өткеннен кейін Урбах–Астрахан тартабанды теміржолы іске қосылды. Мұның да 77 шақырымы қазақ даласын басып өтті.



қиын осы ағаш жәшіктерді итеріп жүретін құлдар болған. Одан кейін орта ғасырда Еуропада ағаштан жасалған қос таспалы жолды шахталарда кен тасуға пайдаланған. Кейін келе ағаш жолдар біртіндеп темірмен алмастырыла бастаған. Болаттан жол салынған кезде өндірістің едәуір артқаны байқалады. Кен орындары бұрынғыдан екі есе, тіпті төрт есе көп кен рудаларын жер бетіне шығара бастаған. Осы тұста енді теміржолмен жүретін вагондарды адам күші арқылы емес техникамен шығару белең ала бастайды. Бұл тасымал саласын 100 пайызға дейін өзгертеді. Осылайша, XVIII ғасырда бу қозғалтқышының алғашқы түрлері өмірге келеді. Осы бу қозғалтқышын локомотивке қою идеясы сәтті жүзеге асады. Дүниежүзінде бу локомотивін пайдаланатын жолды 1825 жылы Англияда Дэк Стефенсон есімді ауқатты адам салдырған. Жолдың ұзындығы 21 шақырым болады. Поезд «Стоктон – Дарлингтон» желісінде қа-

Солтүстік Қазақстанның дамуы үшін 1891-1896 жылдары салынған Транссібір магистралінің, дәлірек айтқанда, оның «қазақстандық» 190 шақырымының маңызы зор еді. Бұл жол қазақтың батысқа деген жолын еркін ашты. 1901-1906 жылдары Қазақстан жерінің 1660 шақырымдық аумағын алған, Орталық Азия мен Ресейдің орталығын қосатын, Орынбор–Ташкент теміржолы салынды.

ШОЙЫН ЖОЛШЫ ҚАЗАҚТАР

Қазақстан теміржолының 120 жылдығы биыл аталып өтуде деп сөз басында айттық. Сонымен бірге осы жылы озық қазақ, ұлт көсемдерінің бірі, «Алаш» қозғалысының көрнекті өкілі, Түркістан автономиясы үкіметінің тұңғыш төрағасы Мұхамеджан Тынышпаевтың туғанына 145 жыл толып отыр. Мұхамеджан Тынышпаев – қазақтар арасынан шыққан тұңғыш теміржол инженері, Түркістан–Сібір магистралін

жобалауға және салуға тікелей қатысқан. Осы бір ұлы жол торабының негізін жасап картасын қағазға түсіргендердің бірі. Мұхамеджан Тынышпаевқа ҚТЖ теміржол көлігінің орталық мұражайында алғашқы «Қазақ темір жол инженері» деп ерекшелеп, арнайы орын бөлінген. Оның барлық құжаты мен жеке фотосуреті сол жерге жиналған.

Ал сонау 1930 жылдардың аяқ шетінде қазақ арасынан тұңғыш теміржолшы қыз шығады. Есімі – Забира Жүсіпова. Забира жәй ғана теміржолшы емес, ол қазақтар қыздарының ішіндегі алғашқы паровоз машинисі. Қыздар түгелі анау-мынау жігіттердің де оң жамбасына келе бермейтін мұндай шаруаның құлағын ұстау шынымен де ерлік еді ол кезде. Бүгінде Жамбыл облысы Рысқұлов ауданы Луговой ауылында (Түрксіб стансасы) қазақ қыздары арасынан шыққан тұңғыш паровоз машинисі Забира Жүсіпова атындағы көше бар.

ТЕМІРЖОЛШЫ ӘУЛЕТ

Забира мен Мұхамеджаннан кейін қазақ ұлтының талай ұлы мен қызы бар өмірін болат жолға арнап, тынбай еңбек етіп келеді. Теміржолдың аса күрделі сала екенін мұнда қызмет еткен жандар жақсы біледі. Бір сәтті қалт жіберуге болмайтын ерекше саланың ерлері мен үздіктері жыл сайын мереке қарсаңында анықталып, шын мықтылар кеуделеріне орден мен медаль тағады. Бір қызығы, мемлекетіміздегі аса бір күрделі құрылымда еңбек ететін жандардың өздері ғана емес, түгел әулеттерімен теміржол саласын тандайтындары бар. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мұндай еңбеккерлерді ел болып елеп-ескеру де маңызды. Сондай әулеттердің бірі – Қарағандының Ағадыр стансасында тұратын Шәкеновтер әулеті. Күллі ұрпағына мирас болған мамандық теміржолшылық Ібікен Шәкеновтен бастау алады. Ол Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тылда еңбек еткен жан. Ібікен қарт 30 жыл бойына Ағадыр жол стансасында жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан. Саналы ғұмырын қарапайым теміржолшылықпен өткерген қарияның бүгінде бар ұрпағының қазақ теміржолына сіңірген еңбегі 300 жылдан асады екен.

Ата кәсібін ұрпақтан ұрпаққа жалғастырған әулетте түрлі кезеңде еңбек еткен және жалғастырып жатқан 17 теміржолшы бар. Бұл көрсеткіш алдағы уақытта өсуі де ғажап емес. Себебі нәсібін болат жолдан табу – бұл әулетте ерекше үрдіске айналған.

Ағадыр стансасының белгі беру және байланыс дистанциясында механик қызметінен бастаған Ібікен қарт өзінің шебері болды. Ібікен ақсақалдың екінші ұлы Борантай Шәкенов те 45 жылын теміржол саласына арнап, Ағадырда ШЧ-да СЦБ монтері, диспетчер қызметтерін атқарды. Оның інісі Бейбіт 30 жыл бойы Ағадыр жол дистанциясында жолшы болды. Одан кейінгі Жанболат Шәкенов болса саналы ғұмырының 48 жылын табан аудармай болат жолға арнады. Еңбегін жол дистанциясында жолшыдан бастап, бас теміржол инженері сосын директор қызметтеріне дейінгі жолдан өтті. Ал Ібікен қарттың 4 қызының бірі Гүлнар 25 жылдан бері Құлайғыр стансасында ОПД операторы қызметін атқарып келеді. Одан кейінгі екі қызы да осы саланың шоқтығын ұстаған. Бүгінде 76 жасқа келіп отырған қарт теміржолшы Жанболат атамен арнайы сұхбаттасқан шақта өмірден түйген көп дүние айтылды. Ең бастысы, адал еңбек еттім дейді.

«Өзім әкемнің ізін қуып теміржолға келдім. Ол уақытта жағдай бүгінгіге мүлде ұқсамайтын еді. Қыста ақ қар, көк мұзда жамылып жүріп жол жөндедік. Бірде рельс ауыстырсақ, енді бірде босаған шегені бекемдейміз. Арқамызға ауыр балғамызды асып,

қолға шойын ломдарымызды ұстап, жол жағалап кете беретін едік. Біздің кезімізде бүгінгідей жол бойында жолшыларға арналған жылы будка қайдан болсын?! Қарды үнгіп жіберіп, астын пана еттік. Көп отырмаймыз. Отыра берсең үсіп қаласың ғой. Сондықтан қимылдау керек. Ал жаздағы аптап ыстық пен жанбырдағы бейнеттің де машақаты көп еді», – деп жастық шағындағы бейнетті еңбегін есіне алды қария.

Қанша жерден бейнет аркалап, алагеуім күнелткенімен, оған өкініш білдірмейді. Керісінше, бүгінгі жастарды, қазіргі теміржолшыларды жігерлендіріп, намысын қайрап отыр.

«Біз бір отбасында тоғыз ағайындымыз: бес ұл, төрт қыз. Соның бесеуі теміржолшы мамандығын тандады. Мен отбасында бесіншімін. Мектеп бітіріп, Ағадыр жол дистанциясына жолшы болдым ғой. Осы дистанцияда қарапайым жұмысыңдан мекеме директорына дейін көтерілдім. 2011 жылы зейнеткерлікке шығып, тағы 3 жыл еңбек еттім. Тәубә. Қазір Қарағандыда тұрамын. Осындай үлкен әулеттің ізін жалғап өттік. Болат жолдағы Шәкеновтер династиясын қалыптастыруға атсалысқанымды мақтан етемін. Бұл із біздің кейінгі ұрпақтарымызға да жалғасып, тамырын терең жаярына мен сенемін. Себебі теміржолшылық – біздің ата кәсіп. Теміржолшы болудан қорықпаймыз. Керісінше, осы саладан алыстап кетуге қорқамыз», – дейді Жанболат Шәкенов ақсақал.

Міне, осылайша теміржол саласынан береке тапқан әулеттің бүгінде үшінші буын өкілдері ішінде 12 теміржолшы ата жолын жалғастыруда. Болат жолдағы Шәкеновтердің немере буынының көшін Азамат Ордашұлы бастайды. Механик болып еңбек жолын бастаған ол 20 жылдан бері Ағадыр стансасында диспетчер болып қызмет атқарып жүр екен.

«Өзімнің де, ұрпағымның да ел дамуына шойын жол саласы арқылы қосып жүрген үлесіміз бағаланса, бұдан асқан мәртебе болмас. Ең бастысы, адал әрі таза қызмет етуіміз керек. Теміржол ешқашан әділетсіздікті, арамдықты, қателікті кешпейді», – дейді ардагер теміржолшы.

Саланың сапасы мен ел экономикасына қосар үлесін жыл санап арттыру – елдің негізгі жоспары. Әрине, қарт теміржолшының айтқаны мен арманы орынды. Осы бір игілігі мол, берекесі бекем теміржол саласының игілігін көрген алдыңғы буын кейінгілерге шойын жолдың заманауи болуын және оның өткен уақыттардан да ырысты болуын тапсырып, қолдарына тұтқызындай.

Азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған қадамдардың бірі – жалпыға бірдей декларациялауды енгізу. Жалпыға бірдей декларациялау әділ салық салуды қамтамасыз етуге, көлеңкелі экономика деңгейін төмендетуге және әлеуметтік саясатты жетілдіруге мүмкіндік береді.



есепте айқындалған күн болған кезде өзге де мүлік көрсетілуі мүмкін.

2024 жылы декларацияны толтырар алдында тиісті растайтын құжаттарды алдын ала дайындауды ұсынамыз:

– тәуелсіз бағалаушыда бірлігінің құны 31.12.2023 жылғы жағдай бойынша 1000 АЕК-тен (3,45 млн теңге) асатын мүлікті бағалауды. Бұл ретте бағалау декларация тапсырылғанға дейін кез келген күні (2024 жылғы 15 қыркүйекке дейін) және кез келген бағалау компаниясында болуға тиіс;

– нотариустардан қарыз алу шарттарын куәландыру (СК 631-бабының 2-тармағы), (шарттарды куәландыру тәртібі «Нотариат туралы» ҚРЗ 8-тарауымен регламенттеледі, нотариаттық іс-әрекеттер жасау мерзімдері 40-бапта айқындалған).

Бастапқы декларацияны тапсырғанға дейін (2024 жылғы 15 қыркүйекке дейін) нотариалды куәландыру қажет, өйткені қа-

Жалпыға бірдей декларациялау еліміз бойынша 2021 жылдан бастап кезең-кезеңімен енгізілуде. Бүгінде жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдар, бюджеттік ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлері, сондай-ақ олардың жұбайлары кірді. Бұл – 2,7 миллионнан астам адам.

Биыл декларацияны 2024 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша уәкілетті органдарда тіркелген бизнес өкілдері (заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары (қатысушылары), жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайлары тапсыруға тиіс.

2025 жылы жалпыға бірдей декларация бүкіл ел тұрғындарын қамтиды деп жоспарланған. Әркім өзінің жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға екенін арнайы сайттардан QR коды арқылы тексеруге болады.

Бұл ретте 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны табыстау міндетінен бей-резиденттер, ал 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап коммерциялық емес ұйымдардың құрылтайшылары (қатысушылары) және акционерлер босатылды.

Жалпыға бірдей декларациялау жүйесі декларациялардың екі нысанын, алдымен активтер мен міндеттемелер туралы «кіру» декларациясын (250.00-нысан) ұсынудан тұрады, ол белгілі бір күнге, осы жылғы декларанттар үшін 31.12.2023 жылға жеке тұлға жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне кіретін мүліктер мен міндеттемелерді тіркеу үшін ұсынылады.

Мемлекеттік кірістер органдары осы декларацияда көрсетілген мәліметтердегі мүлікті сатып алудың (пайда болуының) заңдылығы мәселесі бойынша тексермейді. Алайда бұл жеңілдету мемлекеттік қызметке, президенттікке, депутаттыққа, әкімдікке кандидат тұлғаларға, сондай-ақ олардың

КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАМЕН КҮРЕСТІ КҮШЕЙТЕДІ

жұбайларына қатысты қолданылмайды. Кейіннен жеке тұлғалар күнтізбелік жылға кірістер мен мүлік туралы декларацияны (270.00-нысан) жыл сайын ұсынады. Бұл ретте 2025 жылдан бастап мемлекеттік қызметшілерді оларға теңестірілген адамдарды және олардың жұбайларын қоспағанда, активтердің қозғалысы болмаған және жеке тұлға өз бетінше салық салуға жататын кірістер алмаған жағдайда, жыл сайынғы декларацияны ұсыну бойынша міндеттеме жоқ.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларациясында (250.00-нысан) жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасында тіркелген жылжымайтын мүлікті (пәтерлер, үйлер және тағы басқа), көлік құралдарын, арнайы техниканы және (немесе) тіркемелерді, әуе және теңіз кемелерін, суда жүзетін кемелерді, Қазақстан Республикасындағы банк шоттарындағы ақшаны, қазақстандық банктерге берешекті (ипотека, несиелер) көрсетудің қажеттілігі жоқ.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда (250.00-нысан) Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі мүлікті, яғни жылжымайтын мүлікті, жер учаскелерін және (немесе) жер үлестерін, әуе және теңіз кемелерін, ішкі суда жүзу кемелерін, «өзен-теңіз» жүзу кемелерін, көлік құралдарын, арнайы техниканы немесе тіркемелерді және Қазақстан Республикасынан тыс жерде құрылған заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін көрсету қажет. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы шегінен тыс орналасқан шетелдік банктердегі банктік

шоттарда жиынтығында барлық банктік салым бойынша 1000 еселенген АЕК мөлшерінен немесе 3,45 миллион теңгеден асатын ақша қаражаттары көрсетіледі.

Бұл ретте мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдар банк салымының сомасына қарамастан, Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі шетелдік банктерде ақшаның болуы туралы ақпаратты көрсетеді. Жеке тұлғалар 250.00 нысанындағы декларацияда Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде тіркелген мүлікті, бұл тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын ғимараттары үлестерді, бағалы қағаздарды, туынды қаржы құралдарын (орындалуы базалық активті сатып алу немесе өткізу жолымен жүзеге асырылатын туынды қаржы құралдарын қоспағанда), цифрлық активтерді, инвестициялық алтынды, зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілерін көрсетеді. 10 000 еселенген АЕК мөлшері шегінен, яғни 34,5 миллион теңгеден аспайтын қолма-қол ақша қаражаттары да көрсетіледі.

Қазақстан банктеріне берешекті қоспағанда, міндеттеменің немесе талаптың туындауына негіз болып табылатын, нотариат куәландырылған шарт немесе өзге құжат болған кезде басқа тұлғалардың жеке тұлға алдындағы берешегі және (немесе) жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегі (Кт) көрсетіледі. Жеке тұлғаның қалауы бойынша осы мүліктің бірлігі үшін бағасы (құн) 1000 еселенген АЕК мөлшерінен (3,45 миллион теңге) асып кеткен жағдайда, бағалау туралы

рыздар мен міндеттемелерді көрсету тек бастапқы декларацияда мүмкін және бұл жағдайда толықтырулар көзделмеген (СК 211 бабы 5-тармағы, 7-тармақшасы).

Қазақстанда өз активтері мен міндеттемелерінің бар-жоғын анықтау үшін бағалы қағаздар бойынша тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар бойынша зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілері бойынша сенімгерлік басқаруға берілген мүлік бойынша берешектің Дт/Кт болуы бойынша (қарыз шарты) Doculite жүйесі арқылы Республикалық нотариаттық палатаға сұрау салуға құқылы.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну мерзімі – 2024 жылғы 15 қыркүйекке дейін. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны электронды түрде Мемлекеттік кірістер комитетінің «Салық төлеушінің кабинеті», «Электрондық үкімет» порталы, сондай-ақ E-Salyq Azamat, eGov mobile Kaspi.kz, Halyk, Vcc.kz мобильді қосымшалары арқылы қарапайым және оңай ұсынуға болады. Бұдан басқа, декларацияны қағаз жеткізгіште мемлекеттік кіріс органдарына, ХҚКО-на келу тәртібімен немесе пошта арқылы тапсырыс хатпен ұсынуға болады.

2024 жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсынғаннан кейін кірістер мен мүлік туралы декларацияны жыл сайын ұсыну бойынша міндеттеме (270.00-нысан) пайда болады.

Дина ҚҰСАЙЫНОВА,
Қаржы министрлігі Мемлекеттік
кірістер комитеті
Жеке тұлғалардың кірістерін
әкімшілендіру басқармасының басшысы

«№1 ГПЭС 36 000 м/с кейін күрделі жөндеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «№1 ГПЭС 36 000 м/с кейін күрделі жөндеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 1, 2024-ші жылға жалпы сомасы 1 271 187,84 теңге, ҚҚС-сыз; 2025-ші жылға жалпы сомасы 173 929 081,44 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын жұмыстар тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. Мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 19 тамызда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 19 тамызда, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-01-50.

Объявление о проведении открытого тендера по закупке работ «Капитальный ремонт на 36 000 м/ч ГПЭС №1»

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке работ «Капитальный ремонт на 36 000 м/ч ГПЭС №1». (Количество лотов – 1; общая сумма на 2024 год – 1 271 187,84 теңге без учета НДС; общая сумма на 2025 год – 173 929 081,44 теңге без учета НДС).

Перечень выполняемых работ и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 19 августа 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 19 августа 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-01-50.

Жаз туып, аптап басталысымен көпшілік жағажайларға, өзен-көлдерге ағыла бастайды. Егер қауіпсіздік ережелерін сақтамаса шомылу ләззаты әп-сәтте-ақ қауіп-қатердің өзіне айналуы мүмкін. Алайда қауіпсіздік ережелерін елемеген азаматтар тек өздерінің ғана емес, балалары мен жақындарының өміріне қауіп төндіріп жатқанын біле бермейді. Себебі шомылуға тыйым салынған жерлер елімізде аз емес. Жалпы, елімізде 85 мыңнан астам өзен мен 48 мың көл болса, оның ішінде шомылуға тыйым салынған 4 598 орын анықталған.



СУДАН КЕЛЕР

айдындарында 399 объектілік құтқару бекеті бар, онда 3 800 құтқарушы жұмыс істейді. Олар 160 адамды, оның ішінде 44 баланы құтқарған.

Суда қаза табудың негізгі себептері — өз күштерін асыра бағалау, мас күйінде шомылу және жүзе алмау көрінеді. Сондай-ақ ересектердің қарауынсыз қалған балалар көп жағдайда қайғылы жағдайға душар болады екен. Сондықтан мамандар жағажай демалысын құп көретіндерге міндетті түрде суға жүзуді үйренуге кеңес береді. Егер нашар жүзетін болсаңыз үрмелі матрастар мен шеңберлерге сенудің қажеті жоқ деп отыр.

107 АДАМҒА — 2 млн ТЕНГЕ АЙЫППҮЛ

Жалпы шомылу маусымы басталғалы бір ғана елордада 3 адам суға кеткен. Арнайы рейд жүргізу кезінде әкімшілік құқық бұзған 107 адамға 1 миллион 800 мың теңге айыппұл салынған. Мамандардың айтуынша, бас қалада суға түсуге болмайтын 21 аймақ бар. Төтенше жағдай департаменті тұрғындарды аса мұқият болуға шақырады.

«Шомылу үшін қалада арнайы 5 орын белгіленген. Алайда рұқсат етілмеген жерге барушылардың қатары сиремей тұр. Көбі қарсылық танытады. «Мен осы жерде бұрыннан суға түсем ғой, сендер қайда жүрдіңдер?» деген сөздер айтады. Қауіптің алдын алу үшін құтқарушылар тыным таппайды. Сағат сайын ауысыммен жұмыс істейді. Қазір жедел құтқару жасағының өзінде 40 сүңгуір құтқарушы бар. Оның ішінде 8 қайық бар. Рұқсат етілмеген жерлерде ешқандай жағдай қарастырылмаған. Судың түбінде не болып жатқанын ешкім білмейді. Темір шығып тұр ма, бетон бар ма — бәрібір. Биыл 60-қа жуық баланы ұстадық. Оның ішінде 40 баланы Полиция департаментіне апарып, түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Жауапсыз ата-аналарға қанша жерден айыппұл салынғанымен, мәселе оңалмай тұр. Рейд кезінде бірнеше рет ұсталған балалар

Наурызбек САРША

2022 жылы елімізде 242 адам суға батып көз жұмған. Оның ішінде 77 жасөспірім бар. Бұл деректерді 2021 жылмен салыстырсақ, ересектердің өлімі — 43, кәмелетке толмағандар арасында қауіпсіздік ережелерін сақтамағандар қатары 41 пайызға азайған. Ал былтыр шомылу маусымы кезінде 136 адам, оның ішінде 51 бала судан құтқарылған екен. Төтенше жағдайлар министрлігі мамандары «тұрғындармен жүргізіліп жатқан профилактикалық жұмыстарға қарамастан, жаздың үш айында 177 адам және олардың арасында 53 кәмелетке толмаған бала суға батып кетті» деп отыр.

Бұл мәселе биыл да ушығып тұр. Шомылу маусымы басталғанына екі айға жуық уақыт болғанымен осы аралықта республика бойынша 87 адам батып кеткен. Оның 35-і — бала. Төтенше жағдай мамандары су айдындарына рейд шараларын күшейткен. Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, қайғылы жағдайлардың басым бөлігі шомылуға тыйым салынған орындарда болған. Бүгінде қауіпсіздік үшін су

бекеті жұмыс істейді. 2025 жылы Шалқар, Имантау көлдерінде және Қосшы қаласында үш модульдік стансаның құрылысы аяқталады. Ірі су қоймаларына тағы 15 станса қажет. Жазғы кезеңде қосымша мобильді бекеттер құрылады. Онда судағы кезекшілік және патрульдеу жұмыстары жүргізіледі. Жыл басынан бері 76 адам, маусым айының басынан бері 24 адам құтқарылды.

«2020 жылдан бері судағы адам өлімінің саны 437-ден 227-ге дейін азайды. Қазір заманауи қатерлер, жүзу құралдарын және дрондарды жоспарлы түрде сатып алып жатырмыз. Сонымен қатар Маңғыстау облысында Каспий теізінің жағалауында Ұлттық теңіз жасағын құру жұмыстары жүргізілуде. Әкімдіктермен бірлесіп шомылу мен демалуға рұқсат етілген орындарды жылдан жылға ұлғайтып жатырмыз. Олардың саны бүгінде 708-ге жетті және барлығы

ҚАУІП КӨП

мен азаматтар да болған. Соған қарамастан құтқарушылар тексерісті күн сайын күшейтіп жатыр», — дейді Астана қаласы ТЖД азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері Азамат Жұмекешов.

ӨЛІМНІҢ 95%-Ы ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ОРЫНДАРДА ТІРКЕЛЕДІ

Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов таяудағы Үкімет отырысында елімізде шомылу маусымы басталғалы бері қанша адам суға батып кеткенін айтып есеп берген еді. ТЖМ басшысының айтуынша, халық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында еліміздің су айдындарында Төтенше жағдайлар министрлігінің 42 құтқару

2GIS платформасында көрсетілген», — деп хабарлады Әрінов.

Оның айтуынша, балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінеді. Құтқарушылар балаларға жүзуді, құтқару және алғашқы көмек көрсету дағдыларын үйретеді. Сондай-ақ балалар лагерлерінің тәрбиешілерімен және ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Су айдындарының жанында орналасқан 30-дан астам балалар лагерінің тек 19-ында ғана балаларға арналып жабдықталған суға шомылу орындары бар. Жыл басынан бері 26 мыңнан аса рейд жүргізілді. Мас күйінде шомылғаны үшін 3 мыңға жуық тәртіп бұзушыға, 1 маусымнан бастап 49 адамға айыппұл салынды.

ТҮЙІН:

Жер шарында жыл сайын орта есеппен 320 мың адам шомылу маусымы кезінде суға кетеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, бұл әлемде күтпеген оқиғалардан болатын өлім-жітімнің үшінші себебі саналады. Әсіресе, өмір сүру деңгейі төмен қара құрлықта қауіп жоғары. Ал дамыған АҚШ-тың өзінде тәулігіне ондаған адам суға кетіп, қаза табады. Кәрі құрлықта жыл сайын 20 мың адам суға батып, қайтыс болады. Өлім көрсеткіші Болгария, Венгрия, Румыния сияқты Еуропаның шығысындағы елдерде жоғары. Мұнда, әсіресе 5 пен 14 жас аралығындағы балалар мен 49 жасқа дейін ер-азаматтар жиі судың құрбаны болады. Ал елде соңғы 10 жылда 2 мыңнан аса адам суға батып, қайтыс болған, оның мыңға жуығы — бала. Соған қарамастан, шомылу маусымы кезінде құтқарушылардың ескертуін елемейтіндер азаймай тұр. Жалпы, республика бойынша суда жаппай демалуға рұқсат етілген 612 орын бар. 4 598 орын суға түсуге қауіпті деп танылып, суға түсуге тыйым салынған орындар тізіміне енгізілген. Судағы қауіпсіздік ережелерін сақтамаған азаматтар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 364, 412 және 440-баптары бойынша жауапкершілікке тартылады. Сондықтан көпшілік қауіпсіздік ережелерін сақтағаны жөн. Себебі еліміздегі ең басты құндылық — адам капиталы!

ҚҰМАР ОЙЫН ҚҰРДЫМҒА ҚҰЛАТАДЫ

Лудомания елді елеңдететін жағдайға жетті. Жас талғамайтын құмар ойындардың құлына айналғандар арасында түрлі жас деңгейіндегілер бар. Дегенмен зерттеушілер құмарпаздар қатары жасарып бара жатқанын және тым жиілеп кеткенін айтып, дабыл қағуда.

Болат АБАҒАН

Осыдан біраз жыл бұрын, ел аумағындағы казиноларға тыйым салынып, мұндай орындар сол кездегі Қапшағай (қазіргі Қонаев) және Бурабайда ғана жұмыс істейтіндігі туралы шешім шығарылған болатын. Сонан бергі кезеңде осы екі аймақта казинолар салынып, ойын бизнесі біршама өркендеді. Бірақ еліміздің басқа өңірлері құмар ойындарынан мүлде тазарды деп айтуға келмейді. Оңай пайданың дәмін татып қалғандар түрлі жолды ойластырып, құмарпаздың қалтасын қағуды жалғастыруда. Соған сай қазір құмар ойынның құрығына түскендердің саны көбейе түскен. Бұған казинолардан бөлек, онлайн ойындармен бірге букмекерлік кеңселердің де дәуірі жүріп тұрғаны кері эсер етіп отырғаны анық. Осынау қоғамды ірітетін дерттің алдын алуға, қарсы күресуге тиісті жауапты мемлекеттік ұйымдар нақты

шараларды қабылдауда. Бұл бағытта Алматы облысында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ел заңнамасына сәйкес, ойын бизнесі объектілері Алматы облысында Қапшағай су қоймасының жағалауында және Ақмола облысының Бурабай ауданында жергілікті атқарушы органдар айқындайтын аумақтар шегінде орналастырылуға және өз жұмыстарын осы аймақтарда ғана жүзеге асыруға тиісті. Бұлардан басқа жерлерде орналасқан казинолар, ойын автоматтары, тотализаторлар заңсыз болып табылады. Осы орайда, Алматы облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті заңсыз ойын бизнесі объектілерімен жоспарлы жұмыс жүргізіп отырғанын айта кеткен жөн. Департаменттегілердің айтуынша, аталған бағытта қолға алынған шаралар нәтижесінде 2022-2024 жылдар аралығында 50 заңсыз ойын мекемесінің жұмысы тоқтатылып, олардан 100-ден аса



ойын терминалы, покер үстелдері және компьютерлер тәркіленіпті.

«Біз интернет-кеңістіктің тұрақты мониторингін жүргізіп отырамыз. Өйткені соңғы уақытта заңмен тыйым салынған онлайн-құмар ойындар ұйымдастыру кенінен тарала бастағаны байқалады. Зерттеу барысында екі мыңнан астам заңсыз контент сайттар анықталды, оларды бұғаттау үшін тиісті мәліметтер уәкілетті органға жіберілді», — деген Алматы облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті басшысының орынбасары Данияр Қыдырәлиевтың айтқанына қарағанда, олардың арасында аса ірі «1WIN» онлайн-казино-

сының заңсыз қызметі де әшкереленген. Аталған казиноның айналымы 6 млрд теңгені құрапты. Сонымен бірге елімізде құмар ойынның қарқынды жұмыс істеуін шетелдіктер қамтамасыз етіп отырған көрінеді. Қазір тергеу жалғасуда, онлайн-казино сайты бұғатталып, төрт ұйымдастырушыға халықаралық іздестіру жарияланған, тәркіленуге жататын мүлікке және жалпы сомасы 1,5 млрд теңге ақшалай қаражатқа тыйым салынып, Mercedes-Maybach S500 және Lamborghini Huracan маркалы кымбат автокөліктер тәркіленген.

Алматы облысы

Атырау облысында тасқыннан кейінгі қалпына келтіру жұмыстары басталды. Қазіргі уақытта тасқын өтінде болған Жылыой, Индер, Махамбет аудандары және Атырау қаласында бұзылған жолдарды қалпына келтіру, көпір салу, баспанасы суға кеткендерге жаңа үй тұрғызу, өтемақы төлеу бойынша жұмыстар жүріп жатыр.

Баян ЖАНҰЗАҚ

ҚЫЗЫЛҚОҒАЛЫҚТАР 100 ПАЙЫЗ ӨТЕМАҚЫ АЛДЫ

Су тасқынынан зардап шеккен қызылқоғалықтарға өтемақы 100 пайыз төленді. Белгілі болғанындай, келтірілген нұқсанды бағалау және өтеу жөніндегі комиссияға 70 өтініш түскен. Оның қорытындысы бойынша, зардап шеккен 58 шаруа қожалығы мен 12 жеке тұлғаның қырылған 191 малына жергілікті және облыстық бюджеттен, сондай-ақ демеушілердің есебінен барлығы 61 млн 772 мың 062 теңге өтемақы төленді.

Қызылқоға ауданының әкімі Қанат Әзмұхановтың айтуынша, арнайы құрылған комиссияға 31 тұрғын үй иесінен өтініш түскен.

— Оның ішінде 7 тұрғын үй құжатының жоқ болуына байланысты кері қайтарылып, 24 өтініш қанағаттандырылды. Тұрғындардың шығынын техникалық бағалаушылар есептеді. Нәтижесінде, 6 тұрғын үйге жөнделу жұмысы жүретін болды, ал 18 тұрғын үй апаттық деп танылды, — деді Қ.Әзмұханов.

Аудан әкімі бағалау жүргізуші мамандардың қорытынды хаттамаларын таныстырды. Өтініштеріне сәйкес 4 тұрғын үй сұраса, 20 азаматқа бағалау нәтижесіне сай баспананың қаржысы өтелді. Соған орай қазіргі уақытта Қоныстану ауылынан — 3, Миялы ауылынан 1 үйдің құрылысы жүруде.

Шаруа Сүйеуғали Дүйсәлиевтің айтуынша, төленген өтемақы құнына шаруасын ұлғайтып, мал санын көбейтпекші.

— Ертерек қамданып, малды биік жерге шығардық, десек те санаулы мал шығыны бар. Атап айтсақ, 16 қой, 3 сиыр, 3 жылқы суға кетті. Комиссия келіп, суретке түсіріп, тексерді. Шығынымызды есептеп, өтемақы тағайындады. Мөлшері көңілімнен шықты. Үйіміз де пайдаға жарамсыз болып қалды, оған да төлем алдық, — деді С.Дүйсәлиев.

Бұдан бөлек, биыл Қызылқоға ауданында 11 спорт алаңы пайдалануға беріледі. Жыл соңына дейін қолданысқа берілетін спорт алаңдарының құрылысы Қарабау, Көздіғара, Ойыл, Жамбыл, Тасшағыл, Тайсойған ауылдарында жүріп жатыр. Ал Миялы ауылынан — 3, Сағыз ауылынан 2 жаңа спорт алаңын салатын мердігер мекеме осы айда анықталып, құрылысы басталады деген жоспар бар.

ИНДЕРДЕГІ АХУАЛ ҚАНДАЙ?

Жайықтың «үлкен суын» алғаш болып қабылдаған Индер ауданында тасқын су салдарынан көптеген шаруа қожалығы, егін алқаптары жапа шекті. Ресми мәлімет бойынша, Индер ауданында көктемгі су тасқыны салдарынан 17 гектар екпе шөп, 2



гектар жеміс ағашы, 6 мал шаруашылығымен айналысатын қожалықтың қыстақ және қоражайлары зақымданды.

«Қауіпсіздік шараларын алдын ала қолданудың нәтижесінде мал шығыны болмады. Қазіргі уақытта аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің мамандары аталған шаруаларға келтірілген залалды айқындау жұмыстарын атқаруда. Ауыл шаруашылығы министрлігінің бекіткен қағидалары бойынша арнайы комиссия құрылып, акт жасалып, есебі жүргізіледі. Шаруа қожалық өкілдерінен өтінімдер қабылданып жатыр», — дейді Индер аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Мамбетқали Құсайынов.

Дегенмен тасқын уақытында су жарған жолдар тұрғындарға кәдімгідей қолайсыздық туғызған болатын. Қазіргі уақытта Индер ауданында бүлінген жолдарды қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Ұзындығы 27,4 шақырым жол салу жұмыстары жүруде. Индер ауданының ресми өкілі Әли Жайшылықтың айтуынша, қазір Индер кентінің Шығыс ықшамауданына 5 шақырым, Болашақ мөлтекауданына 12 шақырым, Индербор кентішілік 10,4 шақырым автомобиль және жаяу жүргінші жолын салу жұмыстары басталды.

«Индербор кентін толықтай асфальттау жоспарланған. Қазір жол түсетін көшелерде жердің беткі қабаты алынып тегістелуде. Ары қарай кезеңімен инертті материалдар төселіп, асфальт салынады», — дейді спикер.



ТАСҚЫННАН

Сонымен бірге тасқын кезінде су басып кеткен «Атырау—Индер» тасжолының 50 шақырымына жөнделу жұмыстары жүріп жатыр. Облыстық маңызы бар «Атырау—Индер» тасжолының (Жайық өзенінің сол жағы) 117-167 шақырым арасындағы жөнделу жұмыстарына мердігер мекеме «Теміржол Құрылыс Атырау» ЖШС тартылуда.

«Қазіргі уақытта жолдың беткі қабаты алынып, айналма жол салу жұмыстары жүруде. Мұнда 14 арнайы техника мен 25 адам жұмылдырылды», — деді Индер ауданының ресми өкілі Әли Жайшылық.

Оның айтуынша, осы жылдың аяғына дейін көлік қозғалысына мүмкіндік жасау жоспарланған.

ҚҰЛСАРЫНЫҢ «ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ»

Тасқыннан зардап шеккен Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласында ахуал тұрақтанып келеді. Атырау облысы әкімдігінің ресми өкілі Руслан Жұмағазиевтен білгеніміздей, тәуелсіз бағалау комиссиясы су тасқынынан зардап шеккен 2 650 отбасына өтемақы төлеу туралы шешім шығарған.

жатырған учаскеде құрылыс материалдары жеткілікті.

— Қазір жалпы аумағы 100 шаршы метрлік үйлердің 77-сінің іргетасы құйылды, 62-сінің қабырғасы қаланды, 12-сінің төбе жабындысы жабылуда. Құрылысқа жергілікті 8 мердігер мекеме және 209 жұмысшы жұмылдырылды. Үйлер қыркүйекте бастап беріледі, — деді спикер Ернар Қадырбай.

«Мектеп қазіргі заманғы барлық оқу жабдығымен жабдықталады. Оқушылар үшін футбол алаңы, баскетбол және волейбол алаңы, 250 метрлік жүгіру жолы, теннис корты, гимнастика сабақтарына арналған аймақ, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларына арналған түрлі спорт түрлері мен сабақтарға арналған спорт алаңдары салынады. Барлық зал арнайы спорт жабдыктарымен қамтамасыз етіледі», — дейді спикер Ернар Қадырбай.

Құрылыс жұмыстары 2024 жылдың желтоқсанында аяқталады деп күтіліп отыр.

Тағы бір атап өтерлігі, Жылыойда су шайған жолдар қалпына келтірілуде. Жылыой ауданы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бекет Бозжігітовтің айтуынша, бүгінде ұзындығы 12,1 шақырым жолдың 4,2 шақырымы төселді.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Әлібек Мұханбеталиев су тасқыны кезінде бүлінген республикалық маңызы бар «Атырау—Доссор—Құлсары—Бейнеу» тасжолы да қалпына келтіріліп жатқанын айтты.

БАЛЫҚ ҚЫРЫЛЫП ЖАТЫР

Тасқыннан кейінгі Махамбет ауданы, Атырау қаласында да жаға тазалау, зардап шеккен шаруаларға өтемақы төлеу бойынша жұмыстар жүргізілде. Алайда өр суының тартылуы қазір канал маңында пайда болған көлшіктерге ауа жетіспей, балықтың қырылуына алып келіп жатыр. Балық қырылу деректері бірнеше каналда тіркеліп отыр. Мәселен, күні кеше мамандар «Сарыөзек» арнасында 600 келіден астам шабақты құтқарды. Жайық—Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының қызметкерлері Махамбет ауданы әкімдігімен бірлесіп, Талдықөл ауылының маңындағы «Сарыөзек» арнасынан шабақтарды құтқаруда. Оған 20-дан астам қызметкер мен ауыл тұрғындары, бес техника жұмылдырылды.

Жайық—Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының басшысы Нұрлыбек Гайсиннің айтуынша, биыл маусымнан бастап облыста 49 млннан астам шабақ құтқарылған. Осындай жағдай Атыраудағы Теплый каналында да тіркелді. 30 шілдедегі мәлімет бойынша, Теплый арнасында су температурасы 39,5 градус, оттегі мөлшері 6 мл/дм³ көрсетті. Зерттеу барысында көктемгі су тасқыны салдарынан Жайық өзені арнасынан асып, төгілген өзен суы Соколок арнасына түскені анықталды. Осы тасқын сумен бірге Соколок арнасы арқылы балықтар төгіліп, Теплый арнасына түскен.

— Балық өлімінің болжамды себебі — Теплый арнасындағы су температурасының жоғарылауына байланысты суда оттегінің болмауы. Өлген балықтың жалпы салмағы 28,5 келі, Атырау облысы бойынша экология департаменті зертханалық зерттеулер үшін су сынамаларын алды, — дейді Жайық—Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы бөлімінің бас маманы Алмас Жұмашев.

Қалай десек те, тасқыннан алған сабақ көп. Каналдарды тазарту, Жайық өзенінің түбін тереңдету, Каспийдің сағасын тереңдету, каналдардың бойын абаттандыру, су қоймаларын салу сияқты жұмыстар кезек күттірмей атқарылуға тиіс.

Атырау облысы



Тұтас елді дүрліктірген су тасқыны биыл халықты орасан зор шығынға батырғаны рас. Жүздеген елді мекенді су шайып, мыңдаған халық баспанасыз қалды. Жылдар бойы бар тапқан-таянған дүние-мүлігінен бір-ақ сәтте айырылып, қу тақырға отырып қалғандар да болды. Тасқын судың салдарын жою және баспанасы мүлде жарамсыз күйге түскен жандарға баспана салу мемлекеттік деңгейде көтерілді. Әрине, бұл орайда бюджеттің бүйірінен бөлінетін көмектен бөлек, еліміздің барлық аумағында ірі компаниялар мен қалталы азаматтардан да қомақты қаржы бөлінді. Арнайы қорлар ашылып, оған жұрттың қолда барымен жылу жиналды.



КЕЙІНГІ ТІРШІЛІК

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Бірақ тасқынға тосқын қою мұнымен түпкілікті шешіле қоймайтыны рас. Себебімен емес, салдарымен күресетін «әдеттен» әлі күнге арғыла алмай келеміз...

Түйткілді жағдай Ақмола облысын да айналып өткен жоқ. Тасқын судың тұтас елді мекендерді басып қалуына бірінші кезекте өңірдегі барлық аудандардағы тоғандарда салынған гидротехникалық құрылымдардың әбден тозығы жетуі себеп болды. Әбден тозған өзен арналарына салынған бірнеше гидротехникалық бөген арқырап аққан тасқын судың екпініне төтеп бере алмады. Осыдан бірнеше жыл бұрын-ақ апатты жағдайда деп танылған бөгендерге жөндеу жұмыстарының дер уақытында жүргізілмеуі кесірін тигізді. Атап айтқанда, Аршалы ауданындағы «Батпақөл», Астрахан ауданындағы «Қызыл жұлдыз», Бурабай ауданында «Веденовка», «Кенесары», «Щучинск» саяжайлары, «Фроловское», Бұланды ауданында «Иванков», Есіл ауданындағы «Соленая балка», «Чапаевская-2», Сандықтау ауданындағы «Максимовское», Шортанды ауданындағы «Дамса» және «Негізгі» гидротехникалық құрылымдары тасқын суға төтеп беретін қауқары болмады. Жалпы, облыс аумағында 90-ға тарта су тоғаны болғанымен олардың басым бөлігі тасқын суды жинауға жарамсыз күйде екені белгілі болды. Мәселен, тек Қорғалжын ауданында гидротехникалық 5 құрылым әлдеқашан санаттан шығарып тасталуы тиіс болғанымен сол күйі қала берген.

Сонымен, тасқыннан кейінгі өңірде болған теперішке толы тіршілікке шолу жасап көрейік. Тасқын су кезінде өңірді басып өтетін 25 өзен 11 мыңнан астам адам тұратын 95 елді мекенге қауіп төндірген. Оның ішінде Жабай, Нұра, Есіл сияқты жыл сайын жағалауындағы елді мекендерді жайпап кететін өзендерден келетін қатер аса жойқын болды. Жылда көктем уақытында қарғын судан дәл сол елді мекендер жапа шегетіні, қай өзеннің қай жерден таситыны белгілі болса да, өзен арналарын тазарту әрі терендету жұмыстары сылбыр жүрген. Мәселен, Жабай мен Нұра өзендерінің аңғарларын кенейту, таяз тұстарын терендету 2021 жылы-ақ жоспарланғанымен, сараптама қорытындысы араға үш жыл салса да жүзеге асырылмаған. Осының салдарынан Атбасарда жүздеген үй су астында қалып, бірнеше жыл қатарынан баспанасынан айырылған елдің қатары көбейіп тұр. Атбасар қаласы мен Борисовке селосында өзеннің сағасын терендету жобасы басталғанымен, сол күйі мемлекеттік сараптамадан өткізілмеген болып шықты.

Тағы бір жаға ұстатарлық жағдай, өңірдің ең ірі қалаларының өзінде іске шалағайлықтың салдарынан болған. Атап айтқанда, Көкшетау, Степногор және Қорғалжын аудандарында апат жайлы хабарландыру жүйесінің сапасы сын көтермейді.

Жалпы, аймақта түгелдей қамтамасыз ету үшін 278 арнайы дабыл құрылғысы қажет болып шықты. Әсіресе, Бурабай, Зеренді, Атбасар және Целиноград аудандарында дабыл құрылғыларына тапшылық басым.

ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ БАСПАНА БЕРІЛДІ

Аймақта топан судың салдарынан алғашқылардың бірі болып төтенше жағдай жарияланған елді мекен облыс орталығы Көкшетау болды. Тасқыннан кейін арнайы құрылған комиссияның тұрақты жұмысымен қалада баспанасы жарамсыз күйге түскен тұрғындар толықтай жана жеке пәтерлеріне көшті деген ақпарат тарайды. Баспана жанадан салынған және бұрын салынған үйлерден тұрғындардың өздері таңдау арқылы берілген. Жалпы, облыс орталығында 90 адам үйсіз қалған. Жергілікті атқарушы билік бұл орайда «Асар Ақмола» қоғамдық қорының көмегі, сондай-ақ еріктілер, қоғам белсенділері, депутаттар мен журналистердің еңбегі зор болғанын атады.

Облыс бойынша қор қаржысының есебінен дүние-мүліктері мен баспанасынан айырылып қу тақырда қалған 211 отбасыға

Әрине, тасқын су келер жылы, тіпті одан арғы жылдары дәл осылай қайталанбасына ешкім де кепілдік бермейді. Сондықтан тұрғындарды су тасқыны қауіпін басым өзен арналарына жақын жатқан жерден көшіру мәселесі — аса өткір тұрған жайт. Бұл орайда аймақта Атбасар кері жағынан санағанда көш бастап тұр. Қаланың дәл іргесіндегі Жабай өзенінің жылда тасуының салдарынан 2017 жылдан бастап қалада зардап шеккендерге тұрғын үйлер салына бастаған. Қазір мұнда екі көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталуға таяу. Тағы бір 100 пәтерлі баспананың қазығы қағылып, жұмыс басталып кеткен.

Облыс әкімі Марат Ахметжанов кезекті жиында тұрғын үйлердің бірін 1 тамызда, екіншісін 15 тамызда, үшіншісін жыл соңына дейін пайдалануға бері жоспарланғаны аталды. Сонымен, жалпы Атбасарда 345 жана пәтер берілімек. Бұл үйлерге алдағы уақытта Жабай өзенінің жағасында орын тепкен үйлердің тұрғындары қоныстандырылмақ.

Өңірдегі тасқын судан асау ауыр зардабын тартқан ауданның бірі — Бұланды ауданы болды. Мұнда Вознесенка, Иванков, Капитоновка, Журавлевка сияқты елді



пәтер алынған. Жалпы көлемі 2,2 миллиард теңге қаржы бөлініпті. Дәл осы отбасыларға 198,3 миллион теңге сомасында қаржылай көмек те берілген. Өңірде барлық зардап шеккен азаматтар бірреттік әлеуметтік төлем алған. Сондай-ақ мүліктік шығындар да біртіндеп болса да өтеліп жатыр. Қазіргі сәтке дейін облыс аумағында 554 отбасы шамамен 70 миллион теңге сомасында өтемақы алған. Облыс аумағында 1 300-ге жуық тұрғын үйге зақым келгені анықталды. Жергілікті билік өкілдері тасқын судан жапа шеккен адамдарға жанадан үйлер салып, пәтерлер сатып алынатынын жеткізген. Расында да, жана құрылыстар бой көтеріп келеді. Мәселен, Көкшетау қаласында бірнеше ескі үй тасқын судың екпінінен жермен-жексен болған еді. Тасқын судан бұрынғы монша ғимараты да бұзылған. Қазір аталған жерде жана көп қабатты тұрғын үй салына бастады.

мекендердің бірнеше баспанасы түгелдей жарамсыз күйге түскен. Қазір ауданда 56 жеке тұрғын үйдің құрылысы басталған. Бірнеше ауылы су тасқынынан «аралға» айналған Жарқайың ауданында 30 жеке тұрғын үй, сондай-ақ Есіл ауданында жапа шеккендерге арнап 21 баспананың құрылысы басталған. Жана үйлердің бәрі де тасқын су енді мазаламас үшін қыр үстіне тұрғызылмақ. Жергілікті атқарушы органдардың мәліметінше, аталған баспананың барлығы алдымыздағы тамыз бен қыркүйек айларында пайдалануға берілуге тиіс.

ӘДІЛДІК — БАСТЫ ҰСТАНЫМ

Пәтерлерді баспанасынан айырылған адамдарға бөлу кезінде ең маңызды критерий — заң мен әділдік басшылыққа алынуға тиіс. Тұрғын үй комиссиясы да барынша заңға сүйене отырып жұмыс жүргізуі қажет. Пәтерлерді бөлуге кіріскен тұрғын үй ко-

миссиясына облыс әкімі осындай ескерту жасаған. Сондай-ақ үйдің көлемі дәл сондай аумақтан емес, егер бұрынғы тұрғын үй отбасы құрамына сәйкес келмесе, өзгерткен жөн екенін жеткізді.

— Қазір өңірде пәтерлер зардап шеккен адамдарға беріле бастады. Мұнда біз ең алдымен заңдылық пен әділеттілікті ескеруге тиіспіз. Біз әдетте шаршы метрге дәл сондай шаршы метр көлемінде баспана береміз. Дегенмен көп отбасы өте тар баспанада тұрып келген болып шықты. Осыған байланысты мен комиссияға сол үйде тұрып жатқан адамдардың санын ескере отырып қарауды тапсырдым. Біз қатып қалған қағидамен емес, адамдардың жағдайын іс жүзінде қарап отырып жұмыс істеуге тиіспіз деп санаймын. Мәселен, алты адам 40 шаршы метр баспанада тұрса, оған бір бөлмелі пәтер берілімек. Жоқ, бұған жол бермей, іс жүзінде, заң аясында сол адамдардың жағдайын жақсарту алатындай етіп салу қажет. Егер мүмкіндік болып жатса, тұрғын үй комиссиясы жапа шеккен адамдардың өмір сүру жағдайын жақсартуға көмектесуге тиіс, — деді Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов.

Топан судың салдарынан тек баспаналар ғана емес, тұтастай инфрақұрылым, елді мекен жолдары, жарық бағандары мен желілер, мемлекеттік және жекеменшік ғимараттарға зақымданды. Бұл мәселелерді шешу үшін Үкіметтен бұзылған дүниелерді қалпына келтіруге қаражат бөлінуі күтілімек.

КЕЛЕШЕКТЕ ҚАПЫ ҚАЛМАУ ҮШІН...

Жұмыс жүргізудегі аса өзекті әрі ең басты мәселе — алдағы жылдары дәл осындай жағдайдың қайталанбауы үшін нақты әрекет ету міндеті тұр. Бұл үшін аймақта сарапшылардың шақыртылуымен мұқият талдау жасалған. Мәселен, Атбасар ауданында Жабай өзенінің жағасындағы көтерілген бөгендерді нығайту және арнасын тазарту үшін көпфункционалы жер снаряды сатып алынады. Оның өнімділігі тәулігіне 120 метрге дейін 8 метрге дейін терендетуге қабілетті. Қазіргі уақытта негізгі жабылғы сатып алынып, құрастыру жұмыстары басталып кеткен. Қалқымалы снарядтың қалған жабдықтары Ресейден жеткізілімек. Құрылғы коммуналдық қызметтің меншігіне беріліп, одан кейін Көкшетау қаласында Қылшақты өзені мен Қопа көлінің арнасын тазартуға қолданылмақ.

Жергілікті билік Атбасар қаласы шекарасында заманауи шлюздер орнату жобасын жүргізуді қолға алмақ. Өйткені тасқын кезінде еріген қар суы мұнда негізінен Жақсы ауданы жағынан жазық даладан келіп, Жабай өзеніне өтіп, одан әрі Есілге құяды.

Облыс әкімінің мәліметінше, жергілікті резервтен шлюздерді сатып алуға 80 миллион теңге қаржы бөлінбек. Бұл су тасқыны кезінде ағын судың өту қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, өзен жағасындағы үйлердің суға кету қауіпін төмендетуге әрі су тасқынының ауыр салдарын болдырмауға ықпал етуі тиіс. Шлюздер биыл қызыл судың құрсауында қалған бірінші мектеп, Макарин көшесінің бойы және Май тоғаны тұсына орнатылмақ. Шлюздер ағын суды өткізу қабілетін екі есеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік бермек.

Су тасқынына қарсы шаралар Целиноград ауданына қарасты Қоянды және Талапкер ауылдарында да жүргізіле бастаған. Мұнда ерігер қар суын елді мекеннен бұрып әкететін канал салу жоспарланған. Талапкер ауылында жұмыстар басталып, жақын арада Қоянды ауылында да іске кірісу көзделіпті. Жергілікті биліктің мәліметінше, аталған жұмыстар демеушілік есебінен бизнес өкілдерінің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде жүзеге асырылмақ. Осы мақсатта «КГС Сауда» құрылыс компаниясы 300 миллион теңге қаражат бөлген. Жалпы, аймақта су тасқынына қарсы 400-ге жуық іс-шара жоспарланғаны хабарланды.

Тасқынның жолындағысын жайпап кететінін көзімізбен көрдік. Жергілікті билік те, халық та ендігі кезекте бейқам тірліктің әрі әрекетсіздіктің салдары ауыр екенін ұғуға және өткен қателіктерден сабақ алуға тиіс.

Ақмола облысы



Аллахбердиевті айқын басымдықпен жеңді. Оралбай жартылай финалда Доминикан елі өкілі Кристиан Хавьер Пиналеспен жұдырықтасады. Аталған боксшы – Еуропа ойындарының қола жүлдегері.

Қыздарға келсек, бокстан үш жолдама алдық. Бұл – тарихи көрсеткіш. Париж төрінде Назым Қызыбай мүдірмей келеді. Ол бірден фавориттерге қарсы жекпе-жек өткізуге мәжбүр болды. 50 келі салмақтағы Қызыбай алғашқы кезеңде Джордана Сорретиномен кездесті. 2022 жылғы Еуропа чемпионатының күміс жүлдегерінен жеңісті жұлпы алды. Келесі айналымда Пан Американ ойындарының жеңімпазы Каролин Де Алмейдамен қолғап түйістіріп, ширек финалға жолдама алды. Тағы бір отандасымыз Карина Ибрагимова жарыс жолын 1/8 финалдан бастап, Пуэрто-Риколық Лозада Мотта Ашлеймен жұдырықтасады. Ал 75 келі салмақта сынға түскен Валентина Хальзова Азейна Билонға қарсы кездесу жеңіліп қалды. Көпшілік Хальзовадан жүлде

өнер көрсетті. Кездесу нәтижесі 12:15 есебімен аяқталды.

Ал ерлер арасындағы жекелей сында Руслан Құрбанов, Эльмир Әлімжанов сәтті өнер көрсетті. Әсіресе, Руслан Құрбанов ширек финалға дейін жетіп, жұлдеге жақын жерден жарысты аяқтады. Токио Олимпиадасының чемпионы Каннонға қарсы тамаша ойнап, жеңіске жетті. Алайда ширек финалда жапон Каноға есе жіберді.

Семсерлесуден ерлер құрамасы жалпы-командалық сайысты 6-орынмен аяқтады. Ширек финалда Мажарстанға есе жіберіп, 5-8 орынды анықтау үшін Мысырмен сынға түсті. Нәтижесінде, жеңіске жетіп, 6-орынға табан тіреді. 5-орын үшін бәйгеде Италияға есе жібергені тағы бар.

КОМАНДАЛЫҚ СЫН КҮТІП ТҮР

Дзюдоға келсек, ерлер арасында 60 келі салмақта алтын, 66 келіде қола медаль алғаннан соң ары қарай жұлдеге қол созудың сәті түспеді. Мәселен, 73 келі салмақ дәрежесінде белдескен Данияр Шамшаев үш ескертумен жарыстан шығып қалды. 81 келіде татамиге шыққан Абылайхан Жұбаназар да алғашқы кездесуде жеңіліп қалды. Ал 100 келіге дейінгі салмақта күрескен Нұрлыхан Шархан екінші айналымда жарысты аяқтады. Дегенмен көзіне от, кеудесінде жалын барын көрсетті. 1/8 кезеңде өзбек балуанына айласы өткенімен, әлі келмей қалды. Алдынан жарқын жол күтіп тұрған жас санлақ екенін дәлелдеді. Бірнеше күнге созылған сәтсіз сериядан кейін, Нұрлыханның белдесуін көрген жанкүйерлер дән риза болды.

Ал қыздар арасында 48 келідегі Әбиба Әбужақынованың жарысты 5-орынмен аяқтағаны есімде. 63 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Есмигүл Қуялова мен 78 келідегі Кәмила Берліқаш бірінші айналымнан жарысты аяқтады.

Бұдан бөлек, жүзден сынға түскен Әділбек Мусин 100 метрге баттерфляй әдісімен жүзде жартылай финалға шыға алмады. Жалпы қорытындыда 29-орын алды. Ал 100 метрге еркін әдіспен жүзде 41 орын алды. Осымен Мусин үшін Париж Олимпиадасы аяқталды.

Жеңіл атлетикада ел сенім артқан Надежда Дубовицкая іріктеу кезеңінде сүрінді. Тағы бір спортшымыз Елизавета Матвеева сәтсіз өнер көрсетті. Спорттық гимнастикада бағын сынаған Милад Карими болса жекелей көпсайыста 24 орын алды. Енді оларкін жаттығу бойынша 3 тамыз күні финалда өнер көрсетеді. Сол күні Нариман Құрбанов гимнастикалық ат снарядындағы жаттығу бойынша финалдық жарысқа қатысады. Елжана Таниева болса, Испания құрамасымен жаттығу жиынын аяқтап, көркем гимнастикадан ел намысын қорғау үшін Парижге аттанады.

БҰЛ БОКС

БҰРЫНҒЫДАН

Өзгерек

күткен еді. Алайда Париждегі шаршы алаң Қазақстанға мүлде басқа тосынсыз әзірлеген сынайлы...

6-ОРИНҒА ТАБАН ТІРЕДІ

Айта кету керек, 29 шілде күні семсерлесуден әйелдер арасындағы жекелей сында Әйгерім Сарыбай лайықты өнер көрсетті. Алғашқы кездесуінде алжирлік Чайма Бенадуадан басым түскен. Алайда 1/16 кезеңде француз Манон Брюнеден жеңіліп қалды. Брюне Токио Олимпиадасының қола және күміс жүлдегері, әлем чемпионы еді. Дегенмен Әйгерім фаворитке қарсы жинақы



Париж Олимпиадасының басты алауы тұтанғалы тура бір апта өтті. Әзірге Қазақстан бір алтын, екі қола жүлдемен 25-орында тұр. Үздік үштікке Қытай, АҚШ пен Ұлыбритания жайғасқан. Ал жанкүйерлер медаль сыңғырын естуге тағатсызданып жүр. Өйткені бокстан 10 лицензия алған соң, жүлденің «иісі» сол жақтан шығатындай көрінгенді. Алайда жағдай біз күткендей болмады.

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

БОКСТАН БӘСІМІЗ НЕГЕ ТӨМЕН?

Олимпиададағы бокстың жыры бөлек. Ерлер арасында жеті салмақ дәрежесінде бақ сынадық. Ә дегеннен-ақ Асланбек Шымбергенов (71 келі), Қамшыбек Қоңқабаев (92 келі жоғары) және Махмұт Сабырхан (57 келі) жарыс жолынан шығып қалды. Үшеуінің де ұтылып қалғанына тосылғанымыз рас. Аталған жекпе-жектер кейін ҰОК Париждегі төреші жұмысы туралы шағымданбайтынын айтты. Алайда кейбір сарапшы Қоңқабаевтың жеңілісіне күмәнмен қарайтынын айтты.

Бұдан кейін 92 келіде бокстасатын Айбек Оралбай қарсыласы Лоренцо Альфонсодан (Әзербайжан) жеңіліп қалды. Төрешілер бірінші раундты отандасымыздың пайдасына жазғанымен, қалған екеуін Әзербайжан азаматына берді. Осылайша, қолда тұрған жартылай финалды уыстан шығарып алды. Өйткені Оралбай мұның алдындағы кездесуде айқын жеңіп, жанарында «жеңсем» дейтін жалын барын көрсеткендей еді. Көп өтпей Мұхамедсабыр Базарбайұлы да ширек финалда сүрінді. Сүрінді дегенде көп қазақ келіспейтіні рас. Себебі жекпе-жек кезінде Лаша Гурулидің қасы қанап, мұз басумен әуреге түсті. Біразы Базарбайұлынан жүлде күткені тағы бар. Ол боксты 1/16 кезеңнен бастап, беріспей келген-ді. Бұдан бұрынғы екі айналымда сәтті өнер көрсеткен. Гурулимен айқастан соң жеңілгенін білгенде отандасымыздың өні



қашып кетті. Жарыстан соң журналистерге де бұрылмай, көзіне жас алып, намыстанып өтіп кетті. Осыдан кейін ҰОК төрешілердің атынан РВU-ға шағым түсіргенін ресми мәлімдеді. Иә, тексеру жүргізген соң жекпе-жек қайта өтпейтіні рас. Дегенмен бұра тартқаны анықталса, сол күні төреші болған тұлғалар жұмысынан шеттетіледі.

Осылайша, ерлер арасында екі боксшымыз жарыс жолын одан ары жалғастырады. Бірі – 51 келі салмақта ел намысын қорғайтын Сәкен Бибосынов болса, екіншісі – 80 келі салмақтағы Нұрбек Оралбай. Бибосынов 1/8 кезеңде түрік Самет Гүмүшқа қарсы шықты. Нағыз жекпе-жек өтіп, Сәкен командаластарының кегін қайтарғандай көрінді. Оның осыдан кейінгі қарсыласы – өзбек оғланы Хасанбой Досматов. Екеуі бір-бірін ала алмай жүрген арлан секілді. Осыған дейін олар үш рет кездесіп, екеуінде өзбек боксшысы басым түскен. Бибосыновқа не бел, не белбеу кетерін ойлап бокстасатын кез келді. Сәтін салып, ары қарай өтіп жатса, кемінде қола медаль қолда деген сөз.

Ал Нұрбек Оралбай жартылай финалға шықты. Яғни, жеңілген күнде де қола медаль бұйырады. Ол ширек финалда Мұрат



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор –
Талғат ЕШЕНУЛЫ

Бас редактор –
Амангелді КҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПІАШЛАЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ІНДЕКСІ:
Қоспоярлар,
мекендер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғас ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талпырыс №4479
Астана қ., «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС
Славеті көшесі 30,
т.а.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болшақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
т.а.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,